

МАЗАСЫЗ МҮЙІС



КӨКШЕДЕГІ БАЛАЛАР ЛАГЕРІН ҚАШАН КӘДЕГЕ ЖАРАТАМЫЗ?

Елдегі Есенбай бала кезінде екі рет Жаман Жалғызтаудың өтегіндегі балалар лагерінде болған. Ой ғажап! Қолдың саласындағы аққайыңдар, мөңгі жасыл қарағайлар, саф ауа, көкірегіңнен келетін жасыл шалғын. Екі ретте де құр атқа мінгендей тыңайып оралған.

Енді балаларының осындай лагерде демалғанын қалайды. Бірақ тіленшінің сүйген асын кім берсін? Балалар лагері әлдеқашан, әлдекімдердің жұмырынан асып, кеңірегенінен өтіп кетіпті. Ақмола облысында 1994 жылға дейін балалардың 64 жазғы сауықтыру орталығы жұмыс істесе, бүгінгі күні жиымасы ғана қалған. Оның 13-і мемлекеттік, 7-еуі жекеменшік. Тіпті бір лагерь 25 мың теңгеге сатылып кетіпті. Қайталап айтайық, 25 мың теңге! Бар болғаны лақты ешкінің құнындай болмашы қаражат. Мұны естіген Есенбай іші күйіп «ешкінің жаны ауырмайтын ешкі тіршілік» деп еді. Әлгі сөзді сатып алған кісіге қаратып айтты ма, жоқ сатқан адамға айтты ма, ол жағын өзі де ажырата алмаған.

Ал Көкшетау мен Қараөткелдің сулы-нулы, жазиралы жалпақ даласы нағыз демалыс үшін жаратылғандай. Жеміс-жидекке толы орман-тоғайы, мөңдір суы, саф ауасы аз ғана күннің ішінде жеткінішектерді құр атқа мінгендей құлпыртып, қунатып, тыңайтып жіберер еді. Қара қарғаның миы қайнайтын ыстықта езіліп жатқан асфальттің үстінде өкпесін шаң қапқан өңдірлерді тұмса табиғаттың тұнығына бір сүңгітіп алса ғой, жетіп жатыр. Бірақ соған мүмкіндік аз. Бар мүмкіндікті біртіндеп талан-таражға түсіріп жойған және өзіміз. Осы жері өзекті өртейтін өкініш бар. Соңғы екі жылдың ішінде Қазақстан балалар және жасөспірімдер туризмі мен демалысы қауымдастығы облыстық білім басқармасымен бірлесе отырып, барлық балалар лагеріндегі дүние-мүлкті түгендеді. Өтпелі кезеңде қаншама қоғам байлығы болып саналатын балалардың жазғы лагерлері ұстағанның уысында, тістегеннің аузында кетті. Тіпті тұтас лагерьдің қаншама ғимараттарымен, бар жиһазымен қоса бар болғаны 25 мың теңгеге сатылып кеткендігі анықталып отыр. Жаксы, сатып алсын делік.

(Жалғасы 3-бетте)

ШЕКТЕН ШЫҚҚАН

«Кеше еді: күнде думан, күнде отырыс, Ал бүгін: күнде қайғы, күнде өкініш. Емхана, мейітхана азан-қазан, Тойхана, мейрамхана мүлде тыныш. Толассыз суық хабар зарға көміп, Жатады күндіз, кешке таңда келіп.»

Қыршының аза тұтып жатқан қазақтың басына көрінбейтін кеселден келген қасіретті айтыскер Балғынбек Имашев осылай сипаттаған. Расында, көңіл көтеруімізден көңіл айтуымыз көбейді. Жақынның жоқтап жатқандардың зары сүйектен өтеді. Қабырғана батады. Өлім дерегінің күрт өскені соншалық, зиратта орын қалмай барады. Әлеуметтік желіге топырағы кеппеген, қаз-қатар тізілген мейіттердің видеосын жұртшылық жан-жақтан жүктеп жатыр.

ӨЛІМНЕН ОЛЖА КӨРГЕНДЕР

Мұндай көріністі көргенде кімнің де болмасын жүрегі шым ете қалады.

Ахуалды өз көзіммен көру үшін қайбір күні Алматының Кеңсайына тарттым. Кеңсайдың біріншісіне бас сұқсам, сілтідей тыныштық орнаған. Анау айтқандай қарбалас жоқ. Сөйтсем, бұл жақта жерлейтін жердің қалмағанына біраз болған екен.

(Жалғасын 3-беттен оқыңыз)

СҰХБАТ

Коронавирус пандемиясы айылын жимай тұрған қазіргі уақытта барлық бастаманың болашағы жоқтай көрінеді. Бірақ бұл алға ұмтылуға, жоспар құруға, армандауға кедергі емес. Өз соқпағыңнан шықпай, көтеріңкі көңіл-күймен алға ұмтылу қажет. Атақты альпинист, альпинизм спортының еңбек сіңірген шебері, әлемдегі барлық 14 «сегізмиңдық» шыңды бағындырған, Қазақстан Қарулы Күштерінің майоры Мақсұт Жұмаевпен еңгіме-дүкен осы тақырып төңірегінде өрбіді.

Мақсұт ЖҰМАЕВ:

БІЗГЕ ЖАҢА ЖОБАЛАР ҚАЖЕТ



— Мақсұт, сіздің кәсібіңіз үнемі дайындықты, алға ұмтылуды, саяхат жасауды талап етеді. Қазірдей шекара жабық, шектеу көбейген кезеңде оларсыз қалай өмір сүріп жатырсыз? Бойдағы қиың-қуат пен психологиялық формаңызды қалай сақтап келесіз? Сізге қарасам, салыңыз суға кетпеген секілді.

— Эпидемиологиялық ахуалдың алғашқы күндерінен бастап мен жұмыс істеуді тоқтатпадым. Өйткені қазіргі қызметім қазақстандық жауынгерлік топты халықаралық «АрМИ-2020» әскери ойындарына дайындықты ұйымдастырумен тығыз байланысты. Ол осы биылғы 23 тамыз бен 5 қыркүйек аралығында өтеді. Бұл күштік құрылымдар арасындағы кешенді жарыс. Дода барысында сайыстың отыздан астам түрі 11 мемлекеттің аумағында өтеді. Оның ішінде Ресейде де. Сол елде Қазақстанның әскерілері бақ сынайды. «АрМИ-2020» ойындары шеңберінде тау құрылымдары арасында «Эльбрус сақинасы» атты жарыс өтеді. Бұл байқауда біздің әскерілер бұған дейін бірнеше рет үздіктер сапынан көрінген. Жыл сайын медальсіз қайтқан кезіміз болған емес деп айта аламын. Жалпы алғанда, бұл жарыс әскери құрылымның біліктілігін арттырып, рухын көтеруге көмектеседі.

Әрине, биылғы жаттығудың жөні бөлек. Әу бастан құрылым ішіндегі қатаң карантин қағидасына сәйкес оқшауландық. Бірақ базамыз, яғни Тау дайындығы орталығы — Іле Алатауында орналасқандықтан, басқа адамдардан оқшау, бөлек жағдайда дайындалуға мүмкіндігіміз бар. Жалпы тау жағдайындағы дайындық еліміздің барлық арнайы жасақтың бағдарламасына енгізілген. Сондықтан жұмыс жеткілікті. Әр минутымызға дейін жазылып қойылған.

— Қазірдей жағдайда кейбіреулер не істерін білмей, қолын бір сілтеп жатқан жайы бар. Сізге де кейде бәрін тастап, тып-тыныш зейнеткерлікке шығу туралы ой келмей ме? Қол саяхатшылардың бүгінде көңіл-хошы жоқ сияқты.

— Иә, рас, мұндай көңіл ауаны да жоқ емес. Өйткені барлық экспедициялар, шырдары бағындыру, алыс сапарлар, соның ішінде менің биыл Аляскаға жоспарлаған демалысым кейінге шегерілді. Тек пандемия іргемізден кеткен соң ғана бәрі қайта жанданады. Биылғы жыл барлық экспедициялар мен тауға шығатындар үшін жайсыз болды. Енді 2021 жылы қайта бастаймыз деп үміттену керек. Ал бәріне бірақ қол сілтеп кету жөніндегі ойға келсек... Осыдан бірнеше жыл бұрын шынында да әскерден кетіп, туризмге білек сыбана кірісем деген ой болған. Бірақ қазір бұрынғыдай әскери салада жүргеніме қуанамын. Мұнда менің жауапты жұмысым бар. Әрі табысым да тұрақты.

(Жалғасын 8-беттен оқыңыз)

АПТАНЫҢ САУАЛЫ

? Елімізде коронавирусқа байланысты енгізілген карантиннен қашан шығамыз?

! ЖАУАБЫ:

Алексей Цой, денсаулық сақтау министрі:

«Біз қазір басқа елдердің карантиннен қалай шыққанын зерттеп жатырмыз. Бірден босаңсуға жол берілмейтіні түсінікті. Біз мұны біртіндеп жүзеге асырамыз. Әр аймақтағы ахуалдың қандай екенін анықтап, эпидемиологиялық жағдайды ескереміз. Бәлкім, денсаулық сақтау жүйесі бойынша қандай да бір қосымша шараларды қолға алармыз. Демалыс күндері локдаун жариялануы да мүмкін. Үшінші және төртінші аптада алғашқы екі жетідегі карантиннің әсерін көре аламыз. Өйткені инкубациялық кезең 14 күнге созылады. Содан кейін ғана нәтижесі көрінеді».



БИРЖАМЕТР

МҰНАЙ (brent)
43,86

DOLLAR
413,70

EURO
473,31

РУБЛЬ
5,84

ҚЫЗЫҚТАН
ҚЫЗЫҚТАРЫ

Желкектің «кереметі»



Шығыс Қазақстан облысында желкектің сорысшасы — хрен) коронавируске қарсы емдік қасиеті бар деп есептейтіндер бау-бақшаға қырыдай тиіс бастады.

2 ж 7 КҮН 168 САҒАТ

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz

ҮКІМЕТ

Отандық өнім мен бұйым өндірісін дамытуда ілкімді істер атқарылуда. Бұған дәлел ретінде «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы шеңберінде 2 мыңнан аса жобаның мақұлданғаны айтуға болады. Бұл туралы Үкіметтің осы аптада өткен отырысында мәлім болды.

Премьер-Министр Аскар Мәминнің төрағалығымен өткен селекторлық отырыста «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы аясында жергілікті қамтуды дамыту жайы қаралды. Үкіметтің баспасөз қызметі хабарлағандай, аталған бағдарлама шеңберінде жалпы құны жарты триллион теңгені құрайтын 2 мыңнан астам жоба

мерзімін, құжаттар тізбесін қысқарту, сондай-ақ кепілдік саясатын жеңілдету мүмкіндігін қарастыру қажет.

Бұған қоса, қаржы министрлігіне «Атамекен» ҰҚП және мүдделі мемлекеттік мекемелермен бірлесіп, бір апта ішінде отандық тауар өндірушілердің мемлекеттік және квазимемлекеттік сектордың сатып алу, конкурсна қатысуына кедергі келтіретін барлық жүйелік тосқауылдарды жою жөніндегі іс-қимыл алгоритмін дайындау тапсырылды.

Үкімет басшысы құрылыс саласында да жергілікті қамту үлесін арттыру мақсатында индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігіне барлық тараптардың жауапкершілігін күшейту жөніндегі тиісті заңнамалық және

Мырзахметов, «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы аясында екінші деңгейлі банктердің бизнес-үдерістерін оңтайландыру туралы Қазақстан қаржыгерлері қауымдастығы кеңесінің төрайымы Елена Бахмутова, құрылыстағы қазақстандық қамтуды дамыту туралы индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Бейбіт Атамқұлов, реттелетін сатып алулардағы жергілікті қамтуды тиімділігін арттыру жөніндегі шаралар туралы қаржы министрі Ерұлан Жамаубаев және «Самұрық-Қазына» ҰӘК сатып алуларындағы жергілікті қамту туралы Қордың басқарма төрағасы Ахметжан Есімов баяндалды.

Бұл жетіде Үкімет ірі өндірісті өркендетуде де маңызды қадам жасады.

ҚАРАПАЙЫМ ЗАТ ӨНДІРУ – ҮКІМЕТТІҢ БАСТЫ НАЗАРЫНДА



мақұлданды. Қазақстандық қамту бойынша Алматы, Қарағанды және Қостанай облыстарының үздіктер қатарында екен. Аталған аймақтарда жекелеген салалар бойынша бұл көрсеткіштің үлесі 70 пайыздан асады. Ал бірқатар өнімдер көш соңында қалып отыр. Дегенмен елімізде құрылыс саласының қарқынды дамуының арқасында соңғы 10 жылда құрылыс материалдарын өндіру көлемі 3,3 есеге артты. Қаржыға шаққанда, бұл өсім мөлшері 176 млрд теңгеден 586 млрд теңгеге дейін көбейді деген сөз.

Премьер-Министр А. Мәмин рәсімдік тосқауылдар мен кедергілерді жоюдың қажеттілігіне тоқтала келе, қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігіне Қаржыгерлер қауымдастығы және екінші деңгейдегі банктермен бірлесіп отырып жұмыс істеуді тапсырды. Атап айтқанда, «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы бойынша банктердің бизнес процестерін оңтайландыру – несиені өтінімін қарау

нормативтік өзгерістерді пысықтауды жүктеді. Ал әкімдіктерге «Самұрық-Қазына» қорының отандық өндіріс тауарларын қолдану және дұрыс есептілік бойынша нақты талаптары мысал ретінде келтірілді. Бұл жергілікті қамту үлесінің 69 пайызды құрайтын көрсеткішке қол жеткізуге мүмкіндік берген.

Президент тапсырмасы бойынша бизнестің өз міндеттемелерін цифрлық бақылау жұмысын екі ай ішінде аяқтау қажеттігіне тоқталған Премьер-Министр мемлекеттік қолдаудың әр шарасы бойынша тиісті заңнамалық түзетулер пакетін дайындауды тапсырды. Бұл ретте «Атамекен» ҰҚП цифрлық платформасының базасында бизнестің қарсы міндеттемелеріне мониторинг жүргізу жөніндегі пилоттық жобаны іске қосу жүзеге асырылатын болады.

Үкімет отырысында атқарылып жатқан жұмыстар туралы «Атамекен» ҰҚП басқарма төрағасы Абылай

Мәскеуде Қазақстан және Ресей үкіметтері арасында минералдық тыңайтқыштар шығару зауытын салу және пайдалану жобасын іске асыруды келісімге қол қойылды. Қазақстанның Ресейдегі елшілігі хабарлағандай, аталған құжат Жамбыл облысында минералдық тыңайтқыштар шығару зауытын салу және пайдалануға бағытталған. «ЕвроХим» минералдық-химиялық компаниясымен бірге жүзеге асырылатын еліміздің оңтүстігіндегі Қаратау фосфорит бассейнінің кен орындарын игеруді және қуаты 1 млн тоннаға дейін минералды тыңайтқыштар мен индустриалық өнім өндіретін жана зауыт салуды көздейді. Қазіргі уақытта инвестиция көлемі шамамен 270 млн долларды құрайды. Алдағы уақытта тағы 800 млн доллар көлемінде қаржы салу көзделуде. Жана кәсіпорында 1200 жұмыс орны ашылады деп күтілуде.

Талап ТІЛЕГЕН

Бақытжан САҒЫНТАЕВ, Алматы қаласының әкімі:

«Қаланың көптеген орындарында, атап айтқанда, дүкенде, аялдамада, үйлердің кіреберісінде, кешке бойында бетперде тағуға шақырған билбордтар орнатылған. Бірақ, соған қарамастан, кейбір тұрғындар бетпердені қалтасына салып, таққысы келмейді. Рас, ыңғайсыздау. Дегенмен, біздің қоғам сау-саламат болсын десек, бұған үйренуіміз керек. Бүгінге дейін бетперде тақпаған 400 азаматымызға 83 мың теңге көлемінде айыппұл салынды».



Жандарбек БЕКШИН, Алматы қаласы бас санитарлық дәрігері:

«Біз көптеген адамдардың бетперде тақпайтынын байқап жүрміз. Сондықтан кешеді жүргенде бетперде тағуды міндетті деп есептейміз. Өйткені кесел тек бөлмеде ғана емес, ауа арқылы да тарайды. Мониторинг тобы айналада адамдар болса, бетперде тақпаған азаматқа айыппұл сала алады. Оның көлемі - 83 мың теңге. Егер айыппұл бір апта ішінде төленсе, оның көлемі 41 мың теңге болады».

Алик ШПЕКБАЕВ, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің төрағасы:

«Алғашқы жартыжылдыққа Мемлекет басшысының қарауына жемқорлық деңгейін анағұрлым азайтамындай бірнеше маңызды ұсыныстарды жібердік. Олар жемқорлық іс-әрекет үшін жауапкершілікті күшейту, қоғамдық бақылау институтын құқықтық тұрғыдан реттеу, жемқорлыққа қарсы жаңа шектеулерді енгізу, мемлекеттік қызметкерге шетелдік банктерде есепшот ашып, оны пайдалануға тыйым салуды көздейді. Сондай-ақ заңнамаға параны үде ету немесе ұсынуды қылмыстық әрекет деп танитын халықаралық стандартты енгізу қарастырылып отыр».

Аптаньң айтары
Фото: gov.kz

Сөз-Жебе

Аида БАЛАЕВА,
ақпарат және қоғамдық даму министрі:

«Кейде ақпарат айлап жаңартылмайды. Бізге дер уақытында берілмеген, ескіріп кеткен ақпараттың қажеті қанша? Бұл да үлкен мәселе. Себебі ақпарат қай кезде де өзекті болуы тиіс. Біз «қате ақпарат тарайды, адамдар өсек-аяға сенеді» деп ренжиміз. Түптеп келгенде, мұндай жәйттің орын алуына ресурстардағы ақпараттарды жүйелі түрде жаңартпай, өзіміз түркі болып отырмыз. Сондықтан мемлекеттік органдар ресурстардағы ақпараттарды жүйелі түрде жаңартып отыру мәселесін ерекше бақылауға алуы тиіс»

inform.kz

Әлеумет.t⁰

ТІЛЕУІ ЖАМАН

Шындыққа емес, шығы өтірікке сенетініміз қалай? «Алақолде анаконда пайда болыпты» деген ақпарат әлеуметтік желіні шарлап жүр. Ол қандай анаконда дейсіз бе? Кәдімгі аңыз-ертегілерде айтылатын әбжылан. Ұзындығы шалма арқандай, жуандығы жылқының жілігіндей, түсі топырақтай суық, нағыз қарашұбардың өзі. Уатсапта таралған видеода әлгі әбжылан көлікпен өтіп бара жатқан жолаушыларға оқтай атылады. Аузын арандай ашып алған. Видеоны түсірушілер «Құрдастар группасына түсіріп жатырмын. Қүдірет, мынау дәу ғой!» – деп танданады.

Бір қараған адамға жігіттің дауысы ешқандай монтажсыз, шынайы естіледі: адамның қорқынышы, машинаның гүрілі – бәрі боямасыз. Арғы жақтағы табиғат та қазақ жерінен айнамайды. Алайда орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті бейнекөрініске түсініктеме беріпті. Комитет өкілдері «Видеоға дауыс қойып, монтаж жасаған. Қазақстанда анаконда жоқ. Бұл кезекті қалжың болуы керек», – депті. Қалжың мұндай болмайды. Бұл қасақана жасалған дүние. Өйткені монтаждан хабары бар кез келген адам дауыс жазудың, оны тазалап, видеоға өлшеп-пішіп қоюдың қандай жұмыс екенін жақсы біледі. Жалпы монтаж жасай салу еріккеннің ермегі емес. Әрі-беріден соң, бұл кім көрінгеннің қолынан келмейтін шаруа. Оны монтаж білетін, компьютердің құлағында ойнайтын маман ғана мінсіз істесе керек-ті.

Орман және жануарлар комитетінің қызметкерлері жұртқа үрей туғызып, Алақол туралы алып-қашпа әңгімеге арқау болған бейнекөріністің түпнұсқасын тауыпты. Тілдік ерекшеліктеріне қарағанда, оңтүстік-шығыс азиялықтарға ұқсайды. Географиядан хабары бар кез келген адам қазақ жерінде ондай алып жыланның болмайтынын, тек оңтүстік-шығыс Азия елдерінде, сол жақтағы орман-тоғай, өзен-көлдерде кездесетінін жақсы біледі. Бұл енді бөлек әңгіме...

Ал әлгі видеоға қазақша дауыс беріп, ерінбей монтаждап, оны әлемжелегі салып таратқандардың мақсаты не болды екен? Жай ғана әзіл ме, әлде әдейі жасалған дүние ме? Әрине, мұны қасақана істелген шаруа деп. Өйткені дәл қазіргі карантин жағдайында ешкім шетелге барып демалып жатқан жоқ. Оның үстіне, қарапайым халықтың Алақолден басқа жаққа барып демалуға қалтасы көтермейді. Алақол – бағасы қолжетімді, отандық туризмнің ошағы. Сондықтан әлдебір мысықтілеу, қара ниеттілердің Қазақстан туризмин ақсату үшін жасаған «әзіл» болуы әбден мүмкін. Мысықтілеулердің аяқтан шалуы бұл бір емес. Естеріңізде болса, осыдан бірер апта бұрын ғана «Ауаға ковид вирусын шашып жүр» деп әлдекімдер ұшақтың видеосын таратқан болатын. Оған да жұрт кәдімгідей дүрлікті. Ал бұл жолғысы көзге көрінбейтін вирус емес, әбжылан болып шықты.

Жазушы Тәкен Әлімқұловтың жылқы туралы бір шығармасында үнемі қара спанды төндіріп, ақырзаман орнатып жүретін бір кейіпкер болушы еді. Оны сөз зергері «Тілеуі жаман Тілеусіз» деп суреттейді. Шығарманың соңында сол Тілеусіз «Жылқыға Сібір жақтан емі жоқ вирус жұғыпты». «Ауылды құй-батпақ басып қалатын болды» деп жүріп, өзі етектегі құйға батып өледі. Тілеусіздің тілеуі сияқты әлгі «Алақолде анаконда жүр» деп жұртты дүрліктіргендерді өз тілеуі ұрып жүрсе, танқалмаспыз.



Жарас КЕМЕЛЖАН



Дереккөз: еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі

Мағазсыз мүйіс

(Басы 1-бетте)

Бірақ балалардың жазғы демалысына үлесін қоспайтындығы, яғни бастапқы бағытында жұмыс істемейтіндігі қылмысқа тең қарекет. Тамылжыған табиғат аясындағы бұрын мүлтіксіз жұмыс істеп тұрған балалар лагерін бауырына басқан байшықөштер ширек ғасыр бойы есіктерін тарс жауып алған. Сонда, осыншама дүние оларға не үшін қажет?! Колдың саласындай ақ қайындар мен мәңгі жасыл қарағайлар көмкерген Қатаркөлдің бауыры жер бетіндегі жұмақтай жайнап тұр. Бар балаға тиесілі, несібесіне

«Континент», «Чайка», «Дашенка» балалар лагерлері де осы тізімнен табылады.

Маньзды мәселеге облыс басшылығы назар аудармай отырған жоқ. Бірнеше мәрте қаралып, тығырықтан шығар жол іздеген. Бірақ әзірге нәтиже жоқ. Біздіңше, бір кезде су тегін алған, ел игілігіне қызмет етуге қауқарлы балалардың жазғы лагерлерін сол құнына қайтадан қайырып алған жөн. Әйтпесе, не өздері жұмыс істеп пайда таппайды, не қоғамға, жас ұрпаққа қызмет етпейді.

Жердің жыртығын жамайтын, қияндағы пайданы шолып тұратын бизнес өкілдері бұл бағытта неге талпыныс жасамайды? Оның ең негізгісі, біздіңше, табыстың аздығы болар. Кешегі кеңес кезіндегі балалардың жазғы



КӨКШЕДЕГІ БАЛАЛАР ЛАГЕРІН ҚАШАН КӨДЕГЕ ЖАРАТАМЫЗ?

жазылған, саумал самалы ағзаға дәру осындай жердің игілігін қашан пайдаланады екенбіз? Демалыс аймағындағы 12 балалар сауықтыру орталығының бүгінде бесеуі ғана жұмыс істейді. Бұл мүлдем аздық етеді. Оқырманға түсінікті болуы үшін сәл ғана талдау жасалық. Жаз айларында әр орталықта 200-250 баладан дем алу мүмкін болса, жанағы жұмыс істемей тұрған орталықтарда отыз мыңға жуық бала денсаулығын нығайтар еді. Бұл дегеніміз үлкен олжа емес пе? Қазір неметтіліктің салдарынан осындай мүмкіндікке қолымыз жетпей отыр. Байыптап қарасаныз, жалғыз балалардың демалысы ғана емес, осы күні биік-биік мінбелерден айтылып жүрген жұмыссыздық жағдайын біржола болмаса да, бір маусымда ішінара шешуге септігін тигізетін жай. Жанағы біз армандап отырған орталықтар түгел іске қосылғанда 550 қосымша жұмыс орны ашылады екен.

Қазіргі күні облыстың әр ауданында жұмыс істемей тұрған лагерлер бар. Оған бес бірдей апатты жағдайдағы қала сыртындағы мемлекеттік балалардың сауықтыру орталығын қосыңыз. Сонда қаншама мүмкіндікті пайдалана алмай отырмыз. Мәселен, Жаксы ауданындағы «Березка» балалар лагеріне күрделі жөндеу қажет. Бұл өңірдегі балалар қазір Қимадағы орта мектептің жанындағы жазғы лагерде дем алады. Шынын айту керек, мектеп жанындағы лагерлер амалсыздан ұйымдастырылып отырған шара. Ол жерде таза ауа жұтып, суға түсе алмаса, табиғат аясында тай-құлындай шапқылап бой жаза алмаса, оның қай жері демалыс? Әншейін жазғы демалыста балалардың уақытын тиімді пайдалансын деген, тығырықтан жол іздеген талпыныс. Шортанды ауданындағы «Ақ қайың» балалар лагерінің санитарлық жағдайы талапқа сай болмағандықтан, 2009 жылдан бері қанырап бос тұр. Ақкөл ауданындағы Урюпинка селосының маңындағы «Березнячок» балалар лагеріне де жөндеу қажет. 1989 жылы Степногорск подшипник

лагерлеріндегі жиһаздардың барлығы дерлік тозып бітті. Енді бәрін жанаулау қажет. Егер демалыс лагерлерінің иелерінде айналымдағы қаржы тапшы болса, кәдімгі ауыл шаруашылығында тәрізді жылдық мөлшері 2-3 пайызды құрайтын лизинг арқылы несиелену болмас па? Кепілдік ретінде онысиз да көдеге аспай жатқан лагердің өзін қойса ше?

Мемлекет тарапынан балалар туризмін қолдауға көңіл бөлінсе, бұл сала жыл бойы үздіксіз жұмыс істер еді. Бәлкім, сол кезде табыс молайар. Мамандардың айтуына қарағанда, қыста да қиындық аз болмауы мүмкін. Мәселен, балалар лагерлерін жылыту үшін көмір жағуға тура келеді. Іргедегі Зеренді ауданында жағармаймен жылытатын лагерь бар. Оның шығыны қаншалықты екенін өзіңіз есептей беріңіз. Ал кәсіпкер осы шығынын жолдаманың есебінен жабуы керек қой. Міне, осыдан барып балалар жазғы лагерлерінің жолдамасы қымбаттай бермек. Солтүстік өңірде қыс ұзақ. Сондықтан, бұл тарапта көгілдір отынды қолданбасақ, көсегеміздің көгермейтіні анық.

Мемлекеттік демалыс лагерлерінің мұқтаждығын мемлекеттік тапсырыс жауып тұр. Бұл арада тағы бір көптен бері шешілмей келе жатқан кикілжің мәселе бар. Салық кодексінің 592-бабына сәйкес, ерекше қорғалатын аумаққа кіру – ақылы. Ал Бұрабай баурайындағы балалар лагерлері осындай ерекше қорғалатын аумақта тұр. Демек демалысқа келген бала ерекше аймаққа қадам басқан кезде лагерь иесі 265 теңге төлеуге мәжбүр. Әр күн үшін. Биылдан бастап жалғыз демалысқа келген бала үшін ғана емес, лагерьде жұмыс істейтін адамдарға да осындай тәртіп орнатылған. Осы арада қисынсыз жайды көңіл таразысымен сараптап қараңызшы, жұмыс істеуге келген адам ақша төлеуге тиісті. Мұндай келенсіз көрініс қай жерде бар екен? Бейсауат көзге байқала бермейтін осындай келергі балалардың жазғы демалыс орталықтарының жұмысын қожыратып тұр.

Мысал үшін, «Балдәурен» республикалық оқу-сауықтыру орталығы бір жыл үшін 40 миллион теңге қаражат төлеген.

Жер бетін жаман тұмау жайлағалы ата-аналар да биылғы балалар лагері қалай жұмыс істер екен деп алаңдаулы. Қатерлі жай күрделеніп кетпесе, жазғы демалыс та мүмкіндігіне орай ұйымдастырылмақ. Оның да өз мәселелері аз емес. Айталық, бұрынғы талап бойынша әр балаға 4 шаршы метр қажет болатын болса, енді 14 шаршы метр болуы керек. Асханада балалар шахмат тәртібімен бір-бірінен алшақ отырғызылады. Әр дастарханның арасы екі метрден кем болмайды. Әр отрядқа тепловизорлар алынады. Бір тепловизордың құны 30 мыңнан 70 мың теңгеге дейін. Егер отрядта 10 бала деп есептесеніз, 700 мың теңге шығын. Медициналық бақылау жасау да қаншама қаражатты қажет етеді. Оның үстіне, дәрігер-терапевтер де ауадай қажет.

Әуелгі тақырыпқа қайтадан оралатын болсақ, өз ұсынысымызды сыналап айта кеткенді жөн көріп отырмыз. Биыл, әрине, қанырап бос жатқан балалардың жазғы лагерлерін толайым тексеріп, қақпасын қағып түгендеп шығуға кештеу болар. Келер жылға дейін бір кезде балалар базарына айналған бұрынғы 64 лагерьді қайтарып алып, көдеге жаратсақ, қаншама баланың игілігіне айналар еді, шіркін?!

Байкен КӨБЕЕВ,
Ақмола облысы

QOĞAM

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz

Шектен шыққан

(Басы 1-бетте)

ӨЛІМНЕН ОЛЖА КӨРГЕНДЕР

Екіншісіне бардым. Шетіне дейін жағалдым. Қала алақандағыдай көрінетін тау бөктерінің етегі жас бейіттерге толып кетіпті. Дені қоршалмаған. Әр жерде күннің ыстығында жейдесін шешіп тастап, терлеп-тепшіп қабір қазуға қызу кірісіп кеткен қабіршілер көрінді. Біреуіне жақындап жайлап әңгімеге тарттым:

- Қабір қазумен нәпәқа табысыз ба?
- Негізі қосымша жұмысым. Бірақ қазір негізгі жұмысыма айналды. Тапсырыс, тіптен күнде түсетін болды. Өліп жатқандар көп.
- Қызметіңіз үшін қанша аласыз?
- Ол жағын айтпай-ақ қояйыншы, әр кезде әр қалай. Жағдайына қарай да көреміз.



Індет табалдырықтан аттаған алғашқы айларда бетперде мен антисептикке сұраныс күрт артқасын, бағасы да бірден көтерілді. Бертіндегі дәрі-дәрмек төңірегіндегі дүрбеленнен де құлағдар боларсыз. Сорақысы сол, қазір онтайлы сәтті пайдаланып, оңай олжаға кенелгісі келгендер жерлеу рәсімінің құнын да шарықтатып жіберген. Негізі нарықтағы марқұмды ақтық сапарға аттандырудың бағасы орташа 150-200 мың теңгенің айналасында. Бірақ ковидтан көз жұмғандарды алайтын агенттіктер де табылды. Оларды 300-350 мың теңгеге жерлейміз деп жұрттың ашуын тудырғандардың әбестік әрекеті бұқаралық ақпарат құралдарында айтылды. Тіпті Елорда тұрғыны әкесін жерлеу үшін агенттікке 400 мың теңге бергенін мәлімдеп, «бұл не масқара» деп іштегі шерін жұртқа жария етті. Онсыз да қайғыдан қан жұтып, қасіретке бөгіп отырған көпшіліктің көз жасын одан әрі еселеп жүргендердің ессіздігін қалай ақтаймыз?

Қай заманда болмасын, қазақтың басы қайғыда айрықша біріккен. Тірісінде жүз шайысқан адамы келместің кемесіне мініп кете барғанда, оған топырақ салуды, жақындарына қол ұшын беруді кім де болмасын парыз санайтын. Бұл – дала, ата академиясында тәрбие көрген, жөн-жоралғыны біліп, оны сақтайтынның әрекеті еді. Ал қазіргідей қиын-қыстау кезеңде өлімнің өзінен қалтасын кампайтқысы келетіндердің көбеюі – құлқындарын қу ақшаның тескеніне. Олар ар-ұят, адамгершілік деген шекарадан әлдеқашан аттап кеткен. Алда-жалда жақыны қайтыс болғанның өзінде жоқ дегенде қызметі үшін жарғы ақшасын алса да таң қалмаймын. Әйтпесе, бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығаратын сын сағатында ашкөздік танытуға бола ма? Көпке топырақ шашпаймын. Қазір мүмкіндігі барларға қолқа салып, ақша жинап, оған коронавирус қақпанына түсіп қиналып жатқандарға дем беретін құрылғыны алдырып жатқан жанашыр азаматтар бар. Әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларға азық-түлік, керек-жарак жеткізіп жатқандар қаншама. «Бірінді қазақ бірін дос, көрмесен істің бәрі бос» деген хәкім Абайдың тәмсілі біздің қазіргі өтпелі кезеңді сипаттауға дөп келетіндей. Басқа түскен баспақшыл, бір ғана биліктің бюджеттен ақша бөлуімен бітпейді. Әр азаматтың жауапкершілігі маньзды. Немқұрайдылық жойылса, өз қазағы қиналып, өліп жатқанда пайда көргісі келетіндер тыйылар. Осындай сәтте қара қылды қажет жарар, қандай тентекті болмасын, бір ауыз сөзімен жөнге салар ұлағатты бабаларым тіріліп келсе екен дейсін... Ковид қанатын кенге жайған бұл кезеңнен де өтерміз. Бірақ қалай өтеміз? Мәселе сонда. Аққу, шортан, һәм шаян сияқты жан-жаққа тартпай, «Төртеу түгел болса, төбедегі келеді» деген аталы нақылға жүгінгеніміз жөн-ау.

Асқарбек ҚАЗАНҒАП

Айтпайын десең

ШУДАН ШИ ШЫҚТЫ

Карантин талайдың сабырын сарқып, тынышын бұзды. Бірақ төртіптің аты төртіп. «Той жасасаң болмайды, көпшілікпен бас қосуға рұқсат етілмейді» деді ме? Солай болу керек. Алайда төртіпке пысырмайтындар әр өңірден, әр аймақтан бой көрсетуде. Өткенде ғана қызылордалықтар ауылда шатыр тігіп жастардың үйлену тойын өткізген болатын. Осы аптада Шудан ши шықты.



Бір ай бұрын Жамбыл облысының Шу ауданындағы мектептердің бірінің директоры үйінің ауласында емес, мейрамханада «қыз ұзату» той жасаған. Той салтанаты әлеуметтік желіге мониторинг жүргізу кезінде анықталыпты. Шу ауданының әкімдігі мен полиция бөлімі бірлесіп жүргізген тексеріс кезінде, «қыз ұзату» қуанышының 26 маусым күні жасалғаны анықталды. Тәртіпке бағынбаған той иесі, яғни 42 жастағы мектеп директоры әкімшілік жауапкершілікке тартылып, оған 30 АЕК (83 340 теңге) айыппұл салынған. Той өткізген мейрамхана қожайыны да жауаптан құтылмайды.



зауыты бұл лагерді Урюпинка балалар үйінің балансына берген болатын. Содан бері жұрт есіне жазда ғана түсетін, бір кездегі жайнап тұрған лагерь бүгінгі күні тозып барады. Қатаркөлдегі «Огонек» балалар лагерінің иесі – Нұр-Сұлтан қаласындағы Қазақ ұлттық өнер университеті. Бұл демалыс орталығы да 2010 жылдан бері балғындарға құшағын айқара ашқан емес. Астрахан ауданындағы жеке кәсіпкерге тиесілі «Дельфин» балалар лагері табаны күректей 25 жыл бойы жұмыс істемейді. Табиғаты әсем өңірлердің бірі – Сандықтау ауданындағы Балкашино селосындағы жекеменшіктің иелігіндегі «Лесная поляна» балалар лагері санитарлық талапқа сай болмағандықтан, жөндеу жұмысы жүргізілмегендіктен, 2009 жылдан бері жұмысын тоқтатқан. Бұлардан ауданындағы «Шағала», Бұрабай ауданындағы «Восход», «Звездочка», «Спутник»,

Асфальтты, асфальтсыз жолдарды білеміз, асфальтты, асфальтсіз жолдармен жүреміз. ...Жолдың да құлағы, көзі бар, тілі бар, жолдың да қуанар, қайғырар күні бар, – дейтін ақын Әбділда Тәжібаевтың өлең шумағы Шымкенттің жолдарымен жүріп өткенде тілімізге орала берді.



ЖОЛДАРЫММЕН ЖҮРЕ БЕРГІҢ КЕЛЕДІ...



Үшінші мегаполисте шілденің алтыншысына қарамай-ақ 415 шақырым жол құрылысы және жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Бұл мақсатта 2020 жылға бюджет есебінен 27,5 млрд теңге бағытталған. Оның ішінде республикалық бюджеттен 9,0 млрд теңге, жергілікті бюджет есебінен – 18,5 млрд теңге қаржы қарастырылды.

Қалада автомобиль жолдарының жалпы ұзындығы – 2 976,6 шақырым. Асфальтті жабын – 1 758,1 шақырым (59,1%); тас жол – 1 107,0 шақырым (37,2%); топырақ жол – 111,5 шақырым (3,7%). Жоспар бойынша биыл топырақ жол толық асфальтталды.

Қалалық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы басшысының орынбасары А.Тұрхановтың айтуынша, бүгінге дейін топырақ жолдың 35 пайызына шағал тас төселді.

Қазіргі таңда қаланың магистральды жолдарының 75,3 шақырымында құрылыс жұмыстары қызу қарқынмен жүріп жатыр. 2020-2023 жылдар аралығында 4 жолайрықтың құрылысын іске асыру жоспарда тұр.

2020 жыл жалпы құны 9,8 млрд теңгені құрайтын 21 аудандық маңызы бар көшелерге қаржы бөлінді. Орташа жөндеу және қайта құру жұмыстары бойынша биыл бұл бағыттағы 19 көше тұрғындар игілігіне тапсырылады.

Атап өтсек, бүгінде Арғынбеков көшесінің құрылысы (ұзындығы 3,47 шақырым), Н.Назарбаев даңғылы жалғасының құрылысы (ұзындығы 2,7 шақырым), Тәуке хан көшесін (Тассай) қайта құру (ұзындығы 3,0 шақырым), Жібек жолы, Төреқұлов көшелерін қайта құру (ұзындығы 2,2 шақырым), Байтұрсыннов көшесін орташа жөндеу (ұзындығы 3,5 шақырым), Адырбеков көшесін қайта құру (ұзындығы 3,7 шақырым) жұмыстары атқарылууда.

Сондай-ақ Түркістан көшесі, Республика даңғылы, Сырым батыр, Гагарин, Құрманбеков,

Рысқұлов, Аймауытов, Жібек жолы, Капал батыр, Төле би, Жандосов, Рашидов, Рысқұлбеков, Жангелдин, Асқаров, Тайманұлы, Қалдаяқов және т.б. жалпы 21 көшеде орташа жөндеу жұмыстары қызу түскен.



Одан бөлек, биыл 296 шақырым ішкі орам көшелерде күрделі және орташа жөндеу жұмыстары жүргізілуде.

МАГИСТРАЛЬДЫҚ ЖОЛ ЖӨНДЕЛУДЕ

Шымкент қаласындағы магистральды жолдардың 75 шақырымында құрылыс жұмыстары жүріп жатыр. Оның ішінде Қонаев даңғылы жалғасының құрылысы мен айналма жолының қайта құру жұмыстары қамтылған.

Басқарманың мәліметінше, ірі жобалар қаладан шығатын барлық бағыттарды қамтып отыр. Ташкент, Түркістан және Алматы бағыттарына шығатын көлік ағынын өткізу қабілеті жоғары автомобиль жолдары 2023 жылға дейін пайдалануға тапсырылатын болады.

Атап айтқанда, қалада магистральды А-2 автомобиль жолын қайта құру жұмыстары жүргізіліп келеді. Оның жалпы ұзындығы 31,6 шақырымды құрайды. Сегіз кезеңнен тұратын жол құрылысының болжамды құны – 23 млрд теңге.

Ал Қонаев көшесі жалғасы құрылысының жалпы ұзындығы 21 шақырым болса, оның құны 36 млрд теңгені құрап отыр. Бұдан бөлек, Әл-Фараби көшесі жалғасының құрылысы жүруде. Оның ұзындығы 7,6 шақырым, құны – 3,6 млрд теңге. Құрылыс жұмыстары 2021 жылы аяқталады деп күтілуде.

ІШКІ КӨШЕЛЕР ШЕТ ҚАЛМАДЫ

Қалада карантин басталғалы жұмысын тоқтатпаған саланың бірі – жол құрылысы нысандары.

«Жалпы қала бойынша биыл 414 шақырым жолда орташа жөндеу, күрделі жөндеу жұмыстары

жүргізілуде. Биыл оның 313 шақырымын пайдалануға берсек деп отырмыз. Оның ішінде 75 шақырымы – магистральды көшелер», – дейді Шымкент қаласы әкімінің орынбасары М.Исахов. Қала ішіндегі көшелерден Әл-Фараби ауданы Забадам шағынауданындағы Сағаттарханов көшесі; Қаратау ауданы Тұран шағынауданындағы Байжігітов көшесі; Абай ауданы Солтүстік-Батыс шағынауданындағы Тарактас көшесі; Самал-2 шағынауданындағы Болашақ, Ермекебаев және Сейітов көшелерінің орташа жол құрылыс жұмыстары толығымен аяқтап, пайдалануға берілді.

«Шымкентте жолдардың құрылыс жұмыстары жоспарға сәйкес үздіксіз атқарылууда. Әр нысан бойынша өзіндік межелеген мақсатты жоспары бар. Жұмыстың сапасы мен жұмысшылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін арнайы қадағалаушы мамандар бар», – деп атап өтті қала басшысының орынбасары.

Орташа жөндеу жұмыстары жүргізілген төрт аудандағы 11 ішкі орам көше ел игілігіне берілді. Яғни, ұзындығы 11,15 шақырым жол жөндеуден өтті.

Атап айтқанда, Еңбекші ауданында Бойт ата, Абрикосовая, Қараменде батыр көшесі жөнделсе, Әл-Фараби ауданында Сағаттарханов көшесі, Қаратау ауданында Байжігітов көшелерінің құрылыс жұмыстары толығымен аяқталды.

Бұған дейін төрт аудан бойынша 12 ішкі орам көшенің құрылысы аяқталып, тапсырылған болатын. Жалпы биыл қаладағы 296 шақырым ішкі орам көшелерде күрделі және орташа жөндеу жұмыстары жүргізіліп отыр. Бұдан бөлек, 112 шақырымды құрайтын көшелерге шағал тас төселді.

ЖОЛ САПАСЫ – БАСТЫ НАЗАРДА

Басқарма мамандарының мәліметінше, қаладағы жол құрылысында жалпы 55 ірі мердігер мекеме жұмыс істейді. Онда 10 мың адам жұмыспен қамтылған.

АУЛА, ОЙЫН ЖӘНЕ СПОРТ АЛАҢДАРЫ

Биыл Шымкент қаласында 305 аулада абаттандыру жұмыстары жүргізіліп, ойын және спорт алаңшалары жаңартылады. Оған республикалық және жергілікті қазынадан 5 млрд теңгеге жуық қаржы бөлінді.

Бүгінде 232 аулада абаттандыру жұмыстары басталған.

Аталған құрылыстың сапасын тексеріп, қаржының тиімді игерілуін бақылау мақсатында шаһар басшылығы Әл-Фараби ауданындағы атқарылып жатқан абаттандыру және жол жөндеу жұмыстарымен танысты.

Қала әкімі Республика даңғылының бойында орналасқан 43а, 19, 19а, 19б, 45, 41а көпқабатты үйлердің ауласында болып, ондағы құрылыс жұмыстарын көрді. Ойын және спорт алаңшаларындағы жөндеу жұмыстарының сапасын қарады.

Аталған құрылысқа жауапты мердігерлер жұмысты толығымен тамызда аяқтауды жоспарлап отыр.

Бірқатар ауланы аралаған әкім, мердігерлерге жұмысшылар арасында санитарлық нормалардың сақталуын және олардың жалақысын уақтылы берілуін жүктелді. Сондай-ақ жұмыстың сапалы әрі мерзімінде аяқталуын айтты.

Аралау барысында М.Дүйсенбекұлы сейсмикалық апатты деп танылған Асқаров көшесіндегі №9а көпқабатты тұрғын үйде жүргізіліп жатқан күрделі жөндеу және калыпқа келтіру жұмыстарын көрді. Аталған тұрғын үйдің күрделі жөндеу жұмыстары қыркүйек айында аяқталуы тиіс.

Бүгінде Нұрсәт шағынауданында тозығы жеткен 57 аула абаттандырылып, заманауи үлгідегі балалар алаңшалары мен жаттығу тренажерлары орнатылып жатыр.

Бұл жұмыстарды «БАЙ-БОЛАШАҚ» ЖШС мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында жүргізуде. Сонымен қатар ауданда жергілікті бюджет есебінен тағы 8 аула абаттандырылып отыр.

Тұрғындар аулаларының абаттандырылып, балалар алаңшаларының бой көтеріп жатқанына ризашылығын білдірді.

Измир көшесі бойындағы көпқабатты үйлердің абаттандыру жұмыстарымен танысқан қала басшысы аудан әкіміне



мамандар жол сапасын арнайы зертханаларда тексеріп, қорытындысын шығарады. Жөндеу жұмыстарын жүргізгеннен кейін мердігер мекеме тарапынан үш

абаттандыру жұмыстарының жобасына автотұрақ кеңістігін кеңейту жайын қарастыруды тапсырды. Бұдан бөлек, шаһар басшысы құрылысты қала тұрғындарына ыңғайсыздық туғызбай және жұмыстың тиісті сапасын қамтамасыз ете отырып жүргізу қажет екенін айта өтті.

Қазірде аудан аумағындағы Нұрсәт ш/а, Тұран ш/а, Мирас ш/а, Достық т/а, Қайнарбұлақ т/а, Қайнарбұлақ саяжайында жаңадан 10 ашық спорт алаңшалары орнатылып жатыр. Ондағы құрылыс жұмыстары бекітілген кестеге сәйкес «Алем Строй-1» ЖШС тарапынан жүргізілуде.



P.S.

Мақаламызды Ә.Тәжібаевтың өлеңімен бастап едік, соның да адуынды ақынның өлең шумақтарымен аяқтасақ дейміз.

– Шымқаланың көшелері оқтай-ау, Аспанымен астадағы көк бояу.

Жолдарымен жүре бергің келеді, Көңіліңде, өмірінде жоқ қау.

Иә, Шымкенттің көшелері қазіргі таңда кісі қызғарлықтай жаңаша реңкке ие болуда. Расымен, Құнқаланың жолдарымен жүре бергің келеді, жүре бергің келеді...

ТУРИЗМДІ ДАМУҒА – ЖАҢА ЖОБА

Шымкент қаласы әкімінің орынбасары Мақсұт Исахов Қазақстанды әлемге танытып, туризм саласын дамытуға атсалысып жүрген «Қазақ Географы» қоғамдық бірлестігінің өкілдерімен кездесті.



– Сала мамандарымен туризм басқармасы бірлесіп, бірнеше жобаларды жүзеге асыруда. Карантинге қарамастан, қызу жұмыстар атқаруда. Сол жобалардың бірі – Ескі қала аумағында орналасқан Цитадель жобасының VR-ролігі. Аталған жоба біздің қаламызға келген қонақтар мен тұрғындар үшін қаланы виртуалды тамашалауға таптырмас құрал болып табылады. Неге десеңіз, басқа жақта тұрып, сіз Шымкент қаласының үздік деген туристік нысандарын VR Oculus Go көзілдірігімен көре аласыз, – дейді Мақсұт Исахов.

Жобада Цитадельдің ежелгі тарихынан бергі көріністі 3 тілде тамашалауға мүмкіндік бар. Карантин шаралары аяқталған соң Ескі қалашық пен туристік ақпараттық орталықтарды тамашалауға болады.

1566 АДАМ ЖАҢА ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫНА ЖОЛДАНДЫ



Шымкент қаласы әкімдігіне қарасты халықты жұмыспен қамту орталығының негізгі қызметі «Еңбек» бағдарламасымен тығыз байланысты. Аталған бағдарлама 4 бағыттан тұрады және олар халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесуге, еңбек нарығын, кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған. Сондай-ақ кәсіптік білім беруді қамтиды.

Жыл басынан осы уақытқа дейін 1566 адам жаңа жұмыс орындарына жолданып, 8 мыңнан астам адам тұрақты жұмыспен қамтылған. Сондай-ақ 3700-ден астам адам жұмыспен қамтудың жол картасы аясында қаладағы құрылыс және инфрақұрылымды жаңғырту жұмыстарына жолданып, олар жұмыстарын атқаруда.

Бетгі дайындаған Мәриям АЙТБАЙ, Шымкент

Шағын және орта бизнес

Алатаудың бөктері қашаннан бау-бақша еуге қолайлы. Тал қадасаң, терек өсетін, топырағы құнарлы, нулы, сулы аймақ. Содан болар, Алматының іргесіндегі Талғар мен Жамбыл аудандарындағы тұрғындар егін егіп, ағаш отырғызып, кәсібінің нәсібін теріп отыр. Бағбандар мен диқандар шаруасын жүргізуге мемлекеттік бағдарламамен бірнеше жылға, өсімі ең төмен несие алған. Мәселен, Талғар ауданында жалпы көлемі 7,3 гектар болатын 18 жылыжай салынды. Олардың 3-үй өнеркәсіптік болса, 15-і жылыжай фермерлік бағытта жұмыс істейді. Жылыжаймен айналысып отырған шаруа қожалықтары алғашқы маусымда 710 тонна өнім жинапты.

Талғар табиғатының қыры мен сырына қанық, жеке кәсіпкер Сәуле Токтамысқызының меншігінде 1000 шаршы метрге салынған «Мұхамет» жылыжайында алақанға сыймайтын алқызыл қызанақ көздің жауын алып, жайқалып өсіп тұр. Көктемді күтпей, саршұнақ аязы бетті қарыған сонау қаңтар айынан бастап қолға алған жылыжай шаруашылығы кәсіпкерге оңай соқпайды. Шаруа ирандық технологияны пайдалана отырып, тамшылатып суғару әдісімен өсірілген өнімнің бастапқыда пайдалану гөрі шығыны көп болғанын жасырмайды. Сәуле Мұхаметова «Өздеріңіз білесіздер, кез келген істің басталуы төзімділік пен тер төгуді қажет етеді. Ерінбей еңбектенген адам ғана мұратына жетеді. Біз де осы белесті басып өттік. Қыстың қақаған қара суығында жылыжайды жылыту да оңай болмады. Уақыт өте келе тәжірибе жинақтап, қызанақты күтіп-баптаудың қыр-сырын менгердік. Соның нәтижесінде, алғашқы өнім жаман болмады. Алғашқы өнімді жинағанда, 3 тонна қызанақ алдық. Алайда

шағын және орта кәсіпкерлікпен айналысатындардың саны – 10807, онда 27070 адам жұмыс істейді. Былтырғы өндіріс өнім көлемі 170 млрд теңге болған. Кәсіпкерліктен түскен салық түсімі – 15,2 млрд теңге, бұл жалпы бюджеттің 66 пайызы деген сөз. «Бизнесің жол картасы – 2020» бағдарламасы бойынша 2019 жылы жалпы 17 жоба 1109,3 млн теңгеге қаржыландырылған. Соның ішінде пайыздық үстеммен субсидияландыру арқылы 14 жоба 1105,3 млн теңгеге қаржыландырылыпты. Ал биыл Талғар ауданы бойынша 4 жоба екінші деңгейлі банктер арқылы қарастырылған. Жыл басынан бері 10 шағын және орта бизнес субъектісі ашылып, 107 адам жаңа жұмыс орнымен қамтамасыз етіліпті. Ал оған тартылған инвестиция көлемі 1,4 млрд теңге шамасында. Жылыжай өндірісін дамытып отырған Мұхаметтер отбасы қызанаққа қосымша 8 сотық жерге жаздық қияр егіп, алғашқы өнім жинап бастапты. Еңбеккер отбасының білек сыбана кіріскен шаруасы ілгерілеп, отандық

ШАРУАШЫЛЫҚТЫҢ ШАЛҚАР КӨЗІ

шығын ақталмағанымен, тәжірибеміздің толысқанына қуандық», – деп шаруасының жайын баяндады. Қыстың көзі қырауда жылыжай түгілі үйдің өзін жылыту оңай емес. Бірақ көгілдір отынмен жабдықталған жылыжайдың өнімі табиғи әрі құнарлылығы жоғары қара топырақта көз тартып өскен. Оған қоса, минералды тыңайтқыш пайдаланудың арқасында жоғары сапалы отандық өнім алудың мүмкіндігі артқан. Жас баладай күтімді қажет ететін жылыжайдың қызанағы тұтынушыларының тапсырысын қанағаттандырып отыр. Сәуле ханым жылыжай салу үшін, отбасылық бизнесін жандандыру үшін мемлекеттік қолдауға сүйеніпті. Шаруаларға арналған өсімі төмен несие алған кәсіпкер бірер жылда мемлекет қарызынан

өнім өндірудің озық үлгісін көрсетуге көшпен тірліктері көз сүйсінтеді. Жылыжай жұмысын жандандыруда анасының қолғанатына айналған ұлы Аманжол да тынымсыз тер төгіп, қызанақ пен қиярды табыс көзіне айналдыруға бар күш-жігерін, білім-білігін жұмылдырып келеді.

ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯМЕН ЖАБДЫҚТАЛҒАН

Жер емген шаруалардың арасында соңғы озық технологияны қолдану арқылы жұмысын жаңаша жоспарлаған шаруашылықтар баршылық. Солардың бірі – «Атек Агро» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі. Жер жәннаты Жетісудың Жамбыл ауданындағы шаруашылық 2017 жылы құрылған. Жер иесі – кәсіпкер Айжан Сәулехат. Ол өсімдік шаруашылығында тың ізденіспен үлкен жұмыс бастаған бағбан. Айжан осыдан үш жыл бұрын интенсивті технологияны пайдалану арқылы алма өсіруді қолға алыпты. Осы мақсатпен аудан орталығы Ұзынағаш ауылының тау жақ бөктерінен 54 гектар аумақты игере бастады. Бір жыл өткен соң оған алма ағашының алғашқы көшеттерін отырғызады. Бактың аумағын мал кірмейтіндей қоршап, үлкен кәсіптің іргетасын солай қалаған. Отырғызылған көшет саны былтыр 125 мың түпке жетті. «Ерінбеген ерші болады» дегендей, жас көшет тігілген әрбір қатарға тіреуіш баған орнатып,



құтылатынын айтып отыр. Сонымен бірге, жұмыс бастаймын дегендерге берілетін мұндай несиенің өте пайдалы екенін, шаруаларға қолдау болғанын жасырмады. Талғар аудандық кәсіпкерлер бөлімінің бізге берген ақпаратына сүйенсек, өңірдегі



оған сүйеуіш сым тартқан. Жанынан су сақтайтын үлкен екі тоған қазылды. Судың ысырап болмауы үшін түбі мен жағалауын арнайы полиэтилен материалдарымен жапты. Осылайша, жасанды көлшіктегі суды соратын сорғы қойып, сол арқылы суды баққа жеткізген. Одан ары әрбір талдың түбіне тамшылатып суару жүйесі қойылады. Мұның бәрі – Израильде сатып алынған әлемдегі ең озық технологиямен жасалған құрал-жабдықтар. Ал алма көшетінің басым бөлігін Түркиядан әкеліпті.

инновациялық даму бағдарламасы аясында өнімділігі жоғары орта бизнеске қолдау көрсетудің кешенді шараларын әзірлеуді тапсырамын. Соның ішінде салықтық, қаржылық, әкімшілік ынталандыру мәселелері көзделуі тиіс» деген еді.

Жамбыл ауданы топырағында тамыр тартқан алма бактың жалпы құны – 850 миллион теңге. Оның 70 пайызы мемлекеттің қолдауы арқылы қаржыландырылса, қалған 30 пайызын кәсіпкер өзі шығарыпты. «Атек Агро» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі иесінің айтуынша, алма бак бір жылдан кейін өнім бере бастайды.

«Шағын және орта бизнеске мемлекет тарапынан қаржылай қолдау көрсету жүйесін жаңа жобаларға басымдық бере отырып, қайта құру қажет. Үкіметке «Бизнесің жаңа жол картасы» аясында, осы мақсатқа сәйкес алдағы үш жыл ішінде қосымша 250 миллиард теңге бөлуді тапсырамын. Әлеуметтік бағыттарға – отбасы бизнесін құруға, ең алдымен, көп балалы және жағдайы төмен отбасыларға басқа мән бере отырып, бизнеске қолдау көрсетудің жаңа тәсілдерін енгізу керек»
(Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауынан)

Былтыр облыс басшысы Амандық Баталов пен ауыл шаруашылығы министрі Сапархан Омаров өңірге жасаған сапарында осы алма бағына келген. Сол жолы А.Баталов «Елбасының бақ өсіруді дамыту туралы тапсырмасына әрікес, заманауи агротехнологияны қолдана отырып, бақ шаруашылығын дамыту басым бағытқа айналып отыр. Бұл ретте өз өнімін сақтау мен өңдеу ісін

Алма бақта 50-ге жуық адам жұмыс істейді. Бүгінде мұнда алманың «Голден Делишес», «Грени Смит», «Айдарлет», «Пинт Леди» сияқты бірнеше тұқымы интенсивті технологияны қолдану арқылы тамшылатып суару әдісімен өсіріліп жатыр. Тіпті мұндағы жеміс ағашының әр түбі арнайы есептелген отырғызу сызбасына сай егілген. Агротехнологиялық жұмысты Түркияның мердігер компаниясы жүргізіпті. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жыл басында халыққа арнаған Жолдауында шағын және орта бизнеспен айналысып отырған шаруаларға, кәсіпкерлерге қандай мүмкіндіктердің қарастырылып отырғанын айтып өткен. Жолдауда «Өз өнімін экспортқа шығаратын компанияларға мемлекеттік қолдау көрсетудің тиімділігін барынша арттыру керек. Мен, ең алдымен, орта бизнес туралы айтып отырмын. Бізде кәсіпкерлердің осы тобына арналған бақы мемлекеттік қолдау шаралары жоқ. Бұл, әсіресе, өнімді сату ісіне қатысты. Үкіметке мемлекеттік индустриялық-

қатар дамытудың да мыңызы зор», – деп атап өткен-ді. Жаңа технологиямен жабдықталған алма бағын өсіріп отырған Айжан Сәулехат бұл ісін одан әрі көркейтуді көздейді. Олбақ жанынан алманы қайта өңдеп, одан шыршын, тосап сияқты әртүрлі өнім шығаратын зауыт салуды жоспарлап отыр. Бұл ойы жүзеге асса, жұмыссыздар санын азайтып, мемлекетке түсетін пайданы еселей түспек. Одан бөлек, Алматының тарихи алманың отаны екенін дәлелдей түспек. Алатаудың бөктері – алманың, әртүрлі жеміс-жидектің отаны. Мәселен, аграрлы өңір саналатын Жамбыл ауданында 699 гектар алма бағы бар. Соңғы үш жылдың ішінде мұнда 5 агрошаруашылықтың күшімен 264 гектар жерге бақ отырғызылған. Оның ішінде 200 гектар жерге жанғақ, 31 гектарға танқурай алқабы бар. Ауданда жалпы сегіз шаруа қожалығы тамшылатып суару әдісін қолданады.

Жарас ШӨКЕ

Игі іс

Еріктілер жылы нақты 7 бағыт бойынша жүзеге асуда. Олар: «Білім», «Қамқор», «Таза өлем», «Сабақтастық» «Асыл мұра» «Үміт» және «Саулық». Осы бағыттардың ішіндегі ең маңыздысы – «Қамқор» бағыты. Аты айтып тұрғандай, айналаңа қамқорлық көрсету, жанашырлық таныту. Алматыдағы белсенді еріктілер «Қамқор» бағыты бойынша қандай жұмыстар атқарып жатыр? Осы сауалды Алматыдағы Almaty Volunteers ұйымының «Қамқор» бағыты бойынша үйлестірушісі Гүлжан Құрбанбаеваға қойып көрдік.

қоса, қарттар арасында шахматтан турнир өткіздік. Айына екі рет еріктілермен бірге қаламыздағы мемлекеттік қарттар үйіне барып, таңғы жаттығу жасап, түрлі ойын-сауық ұйымдастырып қарттардың көңілін ауладық. Біздің жұмыс тек қарттар үйімен ғана шектелмейді. Қамқорлық деген шын ниетіңмен, жүрегіңмен айналана мейірімділікті төгу. Осы мақсатта біз қаламыздағы жалғызбасты соғыс ардагерлері мен тыл еңбеккерлеріне барып, дәрі-дәрмегін жеткізіп, үйін жинап, ауласын тазарттық. Almaty Volunteers еріктілері қала әкімдігі, қоғамдық даму басқармасы мен тұрақты демеушілеріміздің, кәсіпкерлердің қолдауымен игі істерді жүзеге асырып келеді. Бұл жұмыстардың барлығы карантинге дейін жасалды. Карантиннен кейін біз жұмысымызды басқа бағытқа бұрдық. Өйткені, білесіздер, қазір

«Игі іспен айналысу, адамдарға жақсылық жасау – халқымыздың көне заманнан келе жатқан дәстүрі. Біз осы дәстүрді сақтап қалуымыз керек. Себебі, біреуге қолұшын созып, қолдау көрсету – қанымызға сіңген қасиет. Халқымызда осындай береке-бірлікке шақыратын асар дәстүрі бар. Бұл – ғасырлар бойы құндылығын жоймаған ата салтымыз. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» дейді халқымыз. Волонтерлік қызметтің басты мақсаты да – бірге жұмылып, халыққа қызмет ету».
Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, Қазақстан Республикасының Президенті

«мен қарттар үйіне барғым келеді», «балалар үйіне барғым келеді», «осы бағыттар бойынша ерікті болсам» дейтін жастарымыз көп. Олар осы бағыттарды өз еркімен таңдайды.

Жас qazaq: Еліміздегі еріктілер ісіне қандай баға берер едіңіз? Еріктілікті бұдан әрі дамытуға не істейміз керек? Шетелдік тәжірибелермен салыстырып көрдіңіз бе?

Г.Құрбанбаева: Ерікті деген сөз біздің қоғамымызға енді енгенімен, еріктілік бізде бар нәрсе. Асарлатып тегін көмек көрсету бізде бұрыннан болған. Ерікті болу, өзіңнің еркіне сай көмектесу, қазіргі кезде ең көкейкесті іске айналды. Басқа дамыған елдермен салыстырғанда біздегі еріктілік әлі жас. Біздегі еріктілік бастамасын дамыту үшін шетелдің тәжірибесі керек. Жастарымызды тәжірибе алмасуға шетелге жіберу керек деп ойлаймын. Өйткені біздегі еріктілік уақыттың тиімді пайдалану, бос уақытыңды ғана жұмсаумен шектеліп жатыр. Ал шетелдегі еріктілерді алсақ, еріктілік олардың өмірінің бір бөлігіне айналған адамдарды кездестіреміз. Тіпті араларында карт кісілер де бар. Бізге де осындай тенденция қалыптастыру керек.

Мақпал НОҒАЙБАЕВА

ЕРІКТІЛЕРДІҢ ӨЗ БАҒЫТЫ БАР

Жас qazaq: Биылғы Еріктілер жылы аясындағы іс-шаралар нақты 7 бағыт бойынша жүзеге асуда. Сіз «Қамқор» бағыты бойынша үйлестірушісіз. Алдымен осы бағыттың маңызына тоқтала кетсеңіз.

Г.Құрбанбаева: Иә, биыл Еріктілер жылы деп жарияланды. Жыл басында еріктілердің нақты 7 бағыты белгіленіп, бүгінге дейін әр бағыт бойынша игі істер жүзеге асты. Мен Алматы қаласы бойынша Almaty Volunteers ұйымының «Қамқор» бағытының жүзеге асуына жауаптымын. Бұл бағыттың негізгі мақсаты – қарттар үйіндегі ата-әжелерімізге қамқорлық көрсетіп, қолдау білдіру. Тек қарттар үйімен ғана шектеліп қоймай, қаламыздағы жалғызбасты зейнеткерлерімізге, тыл еңбеккерлеріне де қол ұшын беру. Үйін тазалап, уақытын тиімді өткізуге септігін тигізу. Қамқорлық көрсету, үлкенді сыйлау – саналы адамның әрбірінің бойында бар қасиет. Бұл бағыттың ерекшелігі де осында. Үлкендерімізге жанашырлық таныту. Жастар арқылы оларға бір сәтке болса да жақсы көңіл-күй сыйлау. Қарттар үйіндегі ата-әжелер көңіл бөлуге, жанашырлыққа зәру. Сондықтан да бұл бағыт мен үшін де өте маңызды. Қарттарымызға көмектесу әрбіріміздің парызымыз деп санаймын.

Жас qazaq: Бұл бағыт бойынша қандай жұмыстар атқарылды?
Г.Құрбанбаева: Елімізде болып жатқан пандемияға қатысты «Қамқор» бағыты бойынша жүзеге асырылған жұмыстарды карантинге дейін, карантиннен кейін деп екіге бөлсек болады. Біз жыл басынан бері қарттар үйіне қамқорлық көрсетіп келеміз. Тіпті Еріктілер жылы жарияланбай тұрған кезде қарттар үйімен тығыз байланыста болдық. Өткен күзде қарттарымызға жақсы көңіл-күй сыйлау мақсатында Бауыржан Момышұлы көшесінде орналасқан Ардагерлер үйінде «Күзгі бал» ұйымдастырдық. Ондағы ата-әжелеріміз бұл шараға белсене атсалысты, өз өнерін ортаға салды. Жастық шақтарын еске алып, вальс биледі. Бұған



шетелдегі еріктілерді алсақ, еріктілік олардың өмірінің бір бөлігіне айналған адамдарды кездестіреміз. Тіпті араларында карт кісілер де бар. Бізге де осындай тенденция қалыптастыру керек.



SERPIN

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz

Энергетика

Бүгінгі таңда әлемдік тәжірибеге сәйкес, жаңғыртпалы энергия көздерін дамыту – инвестиция тарту және экологияны жақсарту бойынша маңызды трендке айналып отыр. Осыған орай, бізде де ілкімді жобалар қолға алынып, игілікті жұмыстар атқарылууда. Елімізде қуаты 936,8 МВт болатын баламалы қуат көздерінің 83 нысаны бар. Атап айтқанда, 18 жел, 27 күн, 35 су электр стансасы және 3 биоэлектр стансасы жұмыс істейді. 2025 жылға қарай жаңартылатын энергия көздерінің нысандары кем дегенде 3000 МВт қуатпен жұмыс істейді. Бұл көрсеткішке Алматы облысы да өз үлесін қосып келеді.



ЖАҢҒЫРТПАЛЫ ҚУАТ КӨЗІ

Елімізде жасыл экономиканы дамытып, жаңғыртпалы қуат көздерін нығайту мақсатында өткен жылы «Қаскелең 220» қосалқы стансасы іске қосылды. Алматы облысы әкімдігінің баспасөз қызметіне жүгінесек, аталған жоба «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ құрамындағы «Самұрық Энерго» АҚ-ға қарасты «Алатау Жарық компаниясы» мен Алматы облысы әкімдігі бірлесе отырып жүзеге асырылды. Бұған республикалық бюджеттен 4,7 млрд теңге қаржы бөлінген. «Қаскелең 220» жобасы Алматы қаласының батысындағы өндірістік аймақтың, Жамбыл, Қарасай және Іле аудандарының 6184 жеке тұлғасы мен 404 заңды тұлғаның сұранысын толығымен өтей алады.

көшірілуі электр қуатына деген сұранысты арттырғаны белгілі. Бұрынғы қолданыстағы қондырғылар мен желілер

күн электр стансасының құрылысын бастамақ. Бұл жоба Алматы облысының әкімдігі тарапынан да қолдауға ие болды.

Жасыл экономиканың мүмкіндіктеріне тоқталған Алматы облысының әкімі Амандық Баталов: «Жетісу өңірінде қуат көзіне деген сұраныс өте жоғары. Қапшағай ГЭС-і, Райымбек ауданындағы Бестөбе су қоймасының мүмкіндіктері, Қапшағай қаласындағы сингапурлық компаниямен бірігіп салынған 100 МГВ-тық күн электр стансасы, Еңбекшіқазақ және Іле аудандарындағы әрқайсысы 50 МГВ электр қуатын өндіретін күн қондырғыларының құрылысы бұл сұранысты қамтамасыз етуде», – деген болатын.

Айта кету керек, жоба құрылысы 2018 жылдың қыркүйегінде басталды. Құрылысқа 500-ден астам қазақстандық жұмысшы және 11 қазақстандық құрылыс компаниясы қатысуда. Айта кетерлігі, күн және жел энергетикасы бағытында қызмет көрсететін Universal Energy компаниясының кеңсесі Шанхай, Гонконг, Сингапур және Алматыда орналасқан. Оның Қазақстандағы іске асырылатын жаңғыртпалы энергия көздері жобаларының жалпы қуаты 380 МВт-ты құрайды.

Алдағы уақытта Алматы облысында ағыны қатты тау өзендерінің мүмкіндігін пайдалану арқылы үйлерге жылу берумен қатар, 400 МГВ электр қуатын өндіруге қабілетті жылу электр стансасын салу жүзеге асады. Осылайша Жетісу өңірі электр қуатын тұтынушы қатарынан өндіруші және өзге өңірлерге таратушы сапына қосылуы мүмкін.

Қысқасы, адамзаттың ендігі болашағы «жасыл экономика» арқылы өрістеуі тиіс. Мәселен, 2012 жылдың маусым айында Рио-де-Жанейро қаласында өткен халықаралық конференцияда «Біз көргіміз келетін болашақ» атты декларация қабылданып, онда жаһандық дамудың жаңа бағыты ретінде адамзат қауымына «жасыл экономикаға» көшу ұсынылды. Ал Астанада өткен ЭКСПО-2017 халықаралық көрмесінде баламалы энергия көзін дамытудың әлемдік тәжірибесі таныстырылды. Ондағы негізгі міндеттер Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Бес әлеуметтік бастамасында» нақтылы пысықталды. Енді осы міндеттер мен тапсырмалар өзегінде жұмыс істеу ертеңгі жобалардың жүйелі жүзеге асуына серпін бермек.

Қажет АНДАС, Алматы облысы

Әлеуметтік жауапкершілік

Осы аптада «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ (ҚМГ) Басқарма төрағасы Алик Айдарбаев Маңғыстау облысына жұмыс сапары барысында өңір басшысы Серікбай Тұрымовпен

кездесіп, ҚМГ кәсіпорындарындағы эпидемиологиялық ахуалды және коронавирустың өрі қарай таралуын алдын алу бойынша компанияның қолға алған шараларын талқылады. Сонымен қатар ҚМГ басшысы ұлттық компанияның өңір тұрғындарына көрсетіп жатқан демеушілік және қайырымдылық көмегі туралы баяндады.



«ҚАЗМҰНАЙГАЗ» ҚАМҚОРЛЫҚ КӨРСЕТТІ

А.Айдарбаев «Біз алғашқы күннен бастап пандемияға қарсы күреске барынша атсалысып келеміз. Компания өз қызметін жүргізетін өңірлердің тұрғындарына қамқорлық көрсетуде. «ҚазМұнайГаз» жалпы сомасы 2,6 млрд теңгеге, соның ішінде Маңғыстау облысына 1,8 млрд теңгеге демеушілік қолдау көрсетті. Бұл қаражат аса қажетті медициналық құрал-жабдық, реанимобильдер, оттегі концентраторларын және өкпені жасанды желдету аппараттарын сатып алуға жұмсалды. Сондай-ақ ҚМГ-ның еншілес компаниялары әкімшілік пен медициналық мекемелерге көлік, жеке қорғаныс құралдарын, сондай-ақ әлеуметтік аз қамтылған отбасыларға арналған азық-түлік жинақтарын алып берді. Біз коронавирус індетімен бірлескен күрес барысында дәрігерлер мен жергілікті атқарушы органдарға жан-жақты көмек көрсетуді жалғастырамыз», – деп атап өтті.

Жұмыс бабындағы сапары кезінде А.Айдарбаев Ақтау қаласындағы медициналық орталықтың қызметімен танысты. Аталған орталық ҚМГ-ның еншілес және сервистік компаниялары жұмысшыларын вахта ауысымына кірісер алдында ПТР тестілеуден өткізеді. Тестілеуден тәулігіне 200 адамға дейін өтеді. Тестілеу COVID-19 жұқтырғандарды анықтауға және өндіріс орындарында аурудың таралуын алдын алуға септігін тигізеді. Бұдан бөлек, компания басшысы Жаңаөзен қаласында «Өзенмұнайгаз» АҚ, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ, «Қаражанбасмұнай» АҚ және сервистік кәсіпорындар басшыларының қатысуымен селекторлық жиналыс өткізді. Жиналыс барысында ағымдағы қызметтің, дағдарысқа қарсы стратегияның іске асырылу, пандемиямен күрестің және санитарлық-эпидемиологиялық шаралардың қатаң орындалуы мәселелері талқыланды. Сонымен бірге, Алик Айдарбаев коронавирус инфекциясы мен пневмониядан қайтыс болған қызметкерлердің отбасыларына және туған-туыстарына көңіл айтып, наукастанған әріптестестеріне тезірек сауығып кетуін тіледі. «Өкінішке қарай, әріптестеріміздің арасында да осы індеттен қайтыс болғандар бар. Бұл жаңға бағатын ауыр жағдай. Бақилық болған қызметкерлер мұнай-газ өнеркәсібін дамыту мен өркендетуге елеулі үлес қосқан азаматтар еді. Олардың ерен еңбектерін біз ешқашан ұмытпаймыз», – деді ол.

Жаңаөзен қаласында ҚМГ басшысы ашылуы үстіміздегі жылдың қыркүйек айында жоспарланып отырған мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған медициналық оналту орталығына барды. Жобаға «Өзенмұнайгаз» АҚ тарапынан 50 млн теңге бөлінген. Орталықта жылына 700 балаға дейін оналтудан өте алады. Сондай-ақ «Өзенмұнайгаз» АҚ жанындағы провизорлық орталықтың қызметімен танысты. Провизорлық орталық қалалық инфекциялық емханалардың жүктемесін азайту үшін қосымша 65 төсек-орынмен жабдықталды, тәулігіне 500-ге жуық науқасты қабылдай алады. ҚМГ Басқарма төрағасы «Өзенмұнайгаз» АҚ басшылығына провизорлық орталықты қажетті жабдықпен қамтамасыз етуді тапсырды. Ол келешекте «Өзенмұнайгаз» АҚ қызметкерлері мен олардың отбасы мүшелерін емдеуге арналған толыққанды медициналық орталық ретінде жұмыс істейді деп жоспарлануда.

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ

Дәрігерлерге рахмет!

БАЛАЛАР ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ШАРАСЫНА ҚАТЫСУДА

Бәрі тележүргізуші және блогер Татьяна Фостер өзінің Instagram парақшасында қазақстандық балалар «Дәрігерлерге рахмет» шарасын қолдап, өздерінің қайырымдылық шарасын іске асырғаны туралы жазғанынан басталды. Бұл бастаманы өзге блогерлер де өз парақшаларында қолдап, көптеген әлеуметтік желілердің қолданушылар назарын аударды.


Фостер ханым былай жазды: «Біз #детидетям и #помощьзкопилкиз тағы бір шараны @spasibo_vracham_kz қайырымдылық шараны қолдау үшін ойлап таптық. Оған сіз және балаларыңыз жинақ сандықшасынан жиналған ақшасымен бөлісіп, қатыса алады. Біз «Дәрігерлерге рахмет» атты қайырымдылық шарасын қолдағымыз келеді және жиналған ақша ауруханаларға қажет құралдар, оттегі концентраторлары мен дәрігерлерге тамақ сатып алынады. Жиналған ақша туралы есепті парақшамда беріп тұрамын».

Қазіргі күні «Дәрігерлерге рахмет» шарасы аясында 41 миллион теңге жиналды. Ең алғаш сандықшасынан ақшасын берген Рони Фостерге басқа балалар да қосылды.

Өзінің жариялануымен автор қазақстандықтарды #помощьзкопилкиз #детидетям шарасын қолдауға шақырады. Ақшаны аударғанда міндетті түрде #детидетям или #помощьзкопилкиз хэштегін сілтеуді сұрайды

Ақша аудару үшін карта реквизиттері:

Капта Halyk Bank
4405 6398 5915 0748
Kaspi Gold
4400 4301 7360 0757



Куандық ТҮМЕНБАЙ

— Ажаркүлдің айтқаны келді. Барып қолын алып қайт. Оқуға түстің, Полат түсе алмай қалды. «Сенің балаң түседі, Алтынайдың баласы түсе алмайды» деп еді, мен ашық ауыз байқамай Полаттың шешесіне айтып қойыппын. Айтқандай, Полат бірінші ығзамнан-ақ құлап келді. Енді шешесі барып, Ажаркүлді жұлатын шығар. Ажаркүлдің аузы дуалы ғой», — деді апам айналасына рақаттана қарап.

— Енді сені әскерге де алмайды ғой?
— Алмайды. Сол жерде оқытады. Лейтенант болып шығамыз.

— Полат сүндетке отырғанда «мен неге отырмаймын» деп жылап едің. «Сені бес жасында періште кесіп кеткен, сен одан бұрын отырғансың» деп әрең қойдырғаным есінде ме? Сартқожаның бәкісінен де, әскерден де құтылды. Құдайдың қарасқаны да. Бар, Ажаркүлдің қолын алып қайт, — деп апам айналасына одан сайын рақаттана қарады.

— Сонда бес жыл оқисың ғой? — деді өкем тақуа кейімен сөзге араласып.

— Иә, бес жыл.
— Әгрөнөмдік қой.
— Иә, агроном.
— Бітіріп кеп, глюэный әгрөнөм боп, қыпшақтардың қызын ұрып, кеткен есемізді алып берші, — деп рулық аражікті араға сала сөйледі.

— Әй, не болса соны айтпай тыныш отыршы, — деп апам тиып тастады. Сосын: — Әкең де қуанып жүр, — деп оның да көңілін қалдырмай ілестіре кетті.

Орнынан тұрып, тура жолға түстім. Ажаркүл апа ауылдың шет жағында тұрады, бізге туыстық жақындығы жоқ шетқаппай көп ауылдастың бірі. Күйеуі соғыста өлген. Өзі үш некелі болыпты, үшінші күйеуінен кара қағаз келгеннен кейін жиналыс жасап, беталды кейіген бригадка: «Қарағым, мен үш байға тиген қатынмын, ештеңенен қорықпаймын, байқап сөйле, қолымнан келгенін істеймін, келмегенін істей алмаймын», — деп аузын жаптырыпты. Бұның бәрін апам айтты, өкем сөзге жоқ, ішкен асына қанағат етіп отырар тақуа адам.

Бала күнімде, сныраға шөп салып жатқанымда, айырмен көтерген бір бау пішеннің қылтанағы желкемен ұшып кеп көзіме түсіп, оң көзімді аша алмай қалдым. Суырып тартып, жаным шығып барады. Апам қолымнан ұстап, дедектетіп Ажаркүлдің үйіне өкелді.

— Өй, көккөз, шала қазақ, — деп алдына алып, айналып-толғанып отырды да, еңкейіп, қызыл тілінің ұшын тигізіп қалғанда сұп-суық бірдене көзімді аралап кетті. Бір кезде тілінің ұшын көз құйыршығыма таман әкеліп жұтынып қалғанда, көзім шайдай ашылды. Бөртпешектей қықымды тіл ұшынан сипап алып, саусак ұшына іліп тұрып, апама зеки сөйледі:

— Қаршадай баланы жұмсамасандар болмай ма? Көптің бірі емес, өзі жалғыз. Байың дәсібісін тізіп, енегің ұқалағаннан басқа не бітіреді. Тұр, көккөз, — деп құйыршығынан сипап жіберді.

Шешемде үн жоқ, сөйтсе, Ажаркүлге ешкім де жауап қайтарамайды екен. Сосын маған қарап:

— Осы, көккөз, кішкентайларға тіке қарамасын. Көрген жерде балаға түкіріп жүрсін. Тұқымдарыңда бар ғой, төресіндер ғой, — деді.

Шешем басын изеп, аудандық газетке орап әкелген шүберегі мен бір ашырма шөпті ұсынып еді, қолын созбады. Қасына қоя сап, қайтуға асықты. Көзім шайдай ашылып, борпылдақ топырақты борп-борп басып, апамның алдына түсіп ап үйге қарай жүгірдім.

Енді осы үйге екінші рет келе жатырмын. Бұл кісі шешеммен қатарлас, қолында жалғыз қызы бар. Менімен сыныптас, тікбақайлау, ер балдармен көп ұрсылады. Балдар да қарап жүрмейді, ара-тұра денесіне қол жүгірткенде доп-домалақ әлеуетті қыз білегін сермеп, салып-салып жібереді. Аты Бағланкүл. Ерте туған бағандай топ-толық, беті дөп-дөңгелек, басынан қызыл тақиясын тастамайды. «Онысы несі?» десем, «Ажаркүлдің істеп жүргені ғой» дейді апам. Төбесінен қақиған қоңыр үкісі түспейді. «Неге үкі тағады?» десем, «көз тимесін дейді де, Ажаркүлдің қызының қай жеріне көз тиеті екен» деп тағы да қосып қойды. «Қызың да өзін тартқан сұлу ғой» деп кекеткен құрдас еркекке: «Сұлу болсын, сызық болсын, байға тиіп, бала туса болды да. Менің қызым сендейлердің баласына пысырмайды. Соғыс кезінде көрдік қой

кім екенінді, мекеннен қашқан қыт-қытпаған қоразсын, соғыс сен сияқтылардың көтін ашты» дегенде, анау сөзге келмей тұра айдапты.

Соғыс дейді, соғыс кезінде біздің ауылдағы күріштікке су алар дәу арнаны кілең әйел қазыпты. Сонда Ажаркүл бір келіншекке «сенің байыннан кара қағаз келеді» десе, ұзамай жаманат қағаз келіп, «сенің ниетіңнен болды, байға жарымаған бейбақ» деп, кара жамылған қатын көңіл айтып келген Ажаркүлдің бетін тырнап жіберіпті. Ашынған әйел не істемейді. Сонан кейін Ажаркүл тілін тістеп, не де болса ішіне түйіп, екі бүктетіліп жүретін болыпты. «Кетпен шапқанда ыңылдап ән салып шабатын, бұл өзі «р»-ды «л» дейтін сақау ғой, «Қалағым-ау» деп ән шырқағанда «үш байға тиген Ажаркүл тағы біреуді құртқалы жүр ғой» деп әйелдер мазак қылатын. Десек те, бәріміз соған жалтақтап, аузынан сөз күтетінбіз. Ажаркүлдің мысы басып тұратын». Шешемнің қатар-құрбыларына, кейбір сөз тыңдайтын келіндеріне сыр ғып айтатын әңгімесі құлағымда ызыңдап келеді. Көшеге тас төселіпті, бірақ беті асфальтпен жабылмапты. Сүп-сүйір туфлиімнің тұмсығына тиген ұсақ тастар жан-жаққа ұшып жатыр. Бұл — қайта құрудың біздің ауылға жеткен көрінісі. Адамдар да біртүрлі, сөйлеп тұрып, бір-біріне сенбейді. Күріш егетін жерді билігі барлар жекеменшік қып бөліп алып, жүрт

не істерін білмей сандалып жүр.

Апамның дауысы тағы да құмығып, құлағымға естілді.

— Анау Сейтімхан ұстаның баласынан кара қағаз келгенде, кілең қатын көңіл айтып үйіне бардык. «Шаньрағымнан тірі шығып ең, өлді деуге қалай сенем» деп келіні анырағанда, кісі аяғы басылған сон Ажаркүл онаша алып шығып, «Әй, қатын, босқа бақыра берме, байың тірі» депті де, «тісіңнен шығарма, мен айтты деме» деп кетіп қалыпты. Соғыс біткеннен екі жылдан кейін ұстаның баласы шәпкесі қисайып келіп тұр дейді. Тұтқанда болыпты, бір бай неміс сұрап алып, шошқасын бактырыпты. «Жағдайым жаман болған жоқ, апта сайын бір тораиды үйіңің жеймін» дейді, жүгермек» деп жеңелері келеке ғып отыратын. Кейін сол неміс тілінен сабақ беріп күн көріпті.

Ажаркүлдің соңына да «үш әріп» түсіпті. Қазақ тыныш жүре ме, біреулер көрсеткен ғой, аузына келгенді көкіп жүр деп. «Ендігі әузымды ашпаймын, тыныш жүремін» деп қол қою білмесем де, қағаздың шетіне қақитып бір таяқ сызып беріп кеттім» деп шешеме сыр ғып айтыпты. Сонда үкіметтің кетпен шауып жүрген әйелдердің арасынан да қауіпті элемент іздегені ғой.

Кенесің алдына жеттім. Қос қабатты кенсе үйі ауылға көрік беріп тұр. Қарсы алдында тапалдау клуб. Бірақ осы мандағы жайқалып тұрған кара ағаштар кесіліп, тек түбіртегі қалыпты. Орнына шетелден әкелген ағаштың ұзақ жасайтын басқа сорттын екекеші екен. Кенсе алдында осы ауылдың атын жер жүзіне жайған данқты дикан атының суреті ілулі тұрушы еді, ол да жоқ. Жана келген бастық: «Бұл кемелденген социализмнің өкілі, қазір қайта құру, орнына Горбачевтің суретін ілеміз» деп алдыртып тастапты. «Мынау асыра сілтеудің көкесі ғой, біз соның тәжірибесімен күріш егіп жүрген жоқпыз ба, ауыл болса соның атында» деген бір даңғайыр диканға: «Кесең ек, екпесен табаныңды жалтырат, сенсіз де егетіндер табылады» деп жер бермей қойыпты. Бұл не, қайта құру деген осындай бола ма екен? Оқуды бітіріп, агроном боп ауылға келсем, осындайлардың бәрін орнына қоям. Дикан атының суретін де қайта ілгізем, жерге қолы жете алмай жүрген кәнігі күрішшілерді де қарық қылам.

Ажаркүл апаның үйінің төбесі көрінді. Тапалдау соғылған, шипрмен жабылған көнетоздау там. Ең бірінші тиген күйеуі салдырып кеткен үй дейді, қалған екеуі күшік күйеу боп қолында тұрыпты. Жүрегім біртүрлі дүрсілдей бастады. Бір нәрсе сұрай қалса, не деймін. Елден естіген бір сөзім бар еді, соны сұрасам ба екен. Бір сөзбен шотыма қондырса қайтем. «Шешен сұра деп жіберді ме?» десе, не деймін. Ол — ауыл адамдарының гу-гу сөзі, қарабайыр тіршіліктен қажыған қазақтың кара әңгімесі. Ажаркүлдің қызы — менің сыныптасым Бағланкүл телебезерді қосып қалса, Горбачев шекесі жылтырап, аузы-аузына жұқпай сөйлеп тұр екен. «Мынау, қалды шеке, елді таратуға келген сужұқпас қой. Көрмегенім сен болсын. Өшір!» деп, көгілдір экранды кара шүберекпен қымтап қойыпты. Осыны сұрасам ба екен. Жігіт басыммен сөз естіп қалсам, ол да ұят.

Қисайып, шегесі босап, салбырап тұрған шарбақ қораның есігін аштым. Төбе шипры қар мен жанбырдан өлден жұқарып, дуалының әгі көмескі тартқан ескі үйге беттей бергенімде Ажаркүл апа есік алдына шықты да, мені көріп селт тұрып қалды. Жымық көздері сығыра күлімсіреп, төмпіш танауы қуырыла қарады. Сынап-мінеп тұрған да жайы бар.

RYHANIAT



E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz

— Өй, көккөз, қайдан жүрсің-ей, — деді сұрау салып. — Оқуға түстің ғой.

— Түстім. Қолыңызды алып кетейін деп...

— Кеше, анау көршілерін Алтынай кеп, он екі мүшемі түгел атап тұрып, қарғап кетті. Маған қарғыс өтсе, әлдеқашан өліп қалар едім. Шешемнің де аузы жөніл.

Осы кезде сыныптасым Бағланкүл үйден шыға келді. Басында баяғы қызыл тақия, төбесінде антенна секілді тіп-тік үкі. Бойжетіп қалған қызға дөңгелек қызыл тақия мен үкі сондай жарасып тұр.

— Клестасына шөй қой, — деді Ажаркүл апа.

Бағланкүл есік алдындағы тапал кереуетке көрпеше төсеп, жастық тастады. Самауыраға шоқ салды.

— Төрге шық, еркексің ғой, — деді апа. Қысық көзін сығырайтып, сынай қарап отыр.

— Клестасыңды Бәйгекұмдағы СПТУ-дың мәшінке басағын оқуына берейін деп отырмын. Сен әгрөнөм боп келгенде қағаздарыңды өзі басады, — деді өзүіне

күлкі үйіріліп.

— Бағланкүл сабаққа жақсы, әсіресе, есепке жүйрік, қай оқу болса да түсіп кетеді ғой.

— Өз есебің білсе болды да. Үш байға тиген мен де есебімнен жаңылған жоқпын, — деп қырын қарағанда әлгі күлкінің ізі өң-жүзінен сытылып кетті. — Шешен қалай? Жалғыз бала деп атыңды Тілеу қойып еді, Құдай тілеуіңді берсін. Әкең аман болсын, әйтеуір сені туғызу қолынан келді, оған да шүкір, — деп еркек жыныстыларға деген бір тілеу мен бір ыза ызидып аузынан шықты.

Шешемдей адамның бетіне қарап мен де күліп жібердім.

— Алматың қалай, онда да қайта құру ма? Біздің ауыл қайта құрылып бітті. Бәрі бұзылды, бәрі сатылды, анау дән сақтайтын склелді сатқасын не сұрайсың. Астық бола қалса, көтеріне тығып сақтар ма екен. Колхоз деген атын да құртыпты. Сен үлкен жерден келдің ғой, бұл не өзі? — Тағы да жүзіне жымсықы күлкі үйірілді. — Айттыс болады дегесің әнеуекүңі Шнеліге барсам, айттыс емес, ақшаға сатылған өңкей жарамсақ. «Қайта құру дегенім, қайта құру, Атымды қайта ерттеп, қайта міну» дейді домбыраны енегінің үстіне қойып ап. Қайта құруды жырлаған түрлері ғой. Нартайлар домбыраны биік ұстаушы еді, «қор болған сөз бен қайран домбыра» деп кетіп қалдым. Үлкен жерден келдің, қаладағылар да осылай ойына келгенін істеп жүр ме?

— Қайдам, апа, оқуға жана түсіп жатырмын ғой, — деп төмен қарадым. — Осы, біздің қазаққа айналысатын ештеңе қалмады-ау деймін. — Апа сөзің айттып болғанда самауыр селк-селк етіп қайнап, төбесіне қиізген көрнейден шыққан қою түтін сейіле бастады.

Дастархан жайылып, Бағланкүлдің қолынан шөй ішіп отырмын. Енді байқадым, кеудесі мен бөкесі бұлтып, нағыз қыз қалпына еніпті.

— Біздің кластан Алматыға оқуға түскен сен ғана. Қайта құрудың кезінде... — деді кесе ұсынып.

— Бұның оққағары бар ғой. Қызым, қайта құру деген бәлені енді аузыңнан шығарушы болма. Қарашы, зәкүншіл боп қалғанын, — деп қызына қарағанда ол селк-селк етіп күлді, төбесіндегі тіп-тік үкісі де қоса селкілдеді. Ол шешесінің сөзіне күлсе, мен Бағланкүлдің бітімне рақаттана көз салдым.

— Осы, Ажаркүл апа, телебезерден Горбачевті көргенде «мынау, қалды шеке, елді таратуға келген сужұқпас қой» деп өшіріп тастағаныңыз рас па? — дедім көмейіме келген сөзді ірікпей.

— Мені өтірік айтты деп естіп пе ен.

Тосылып қалдым. Қарашы, бүлдіргенімді. Болары болды ғой деп тағы да сұрадым.

— Өзіміз туралы не дейсіз?

— Оны кейін естисін.

Ажаркүл апа қайтпады. Қарашы, не айтса да именбей, еркін бермей, кең далада бір өзі отырғандай кесіліп отырысың. Өмірі ешкімнен ықпаған тілі ашы әйел маған түсін суыта қарады. Бір нәрсе білгім кеп іштей ынтығып отырғанымыз сезіп отыр, бірақ көңілінде күлдігі бар.

— Екеуің шөй ішіп отыра беріңдер. Мынау насыбайшы Әжімұрат қуран оқытып жатыр екен, соған кіріп шығайың, — деп жылжып барып орнынан тұрды да: — Әй, Тілеу, келіп тұр, клестасың Бағланкүлді ұмытып кетпе. Сенің шешен екеуіміз бір жыл емес, бір күнде туғанбыз сендерді. Екеуің түйдей жастысыңдар. Бұны шешен айтқан жоқ шығар, өсек айтқаннан басқа не біледі о қатын, — деп тез-тез сөйлеп кете берді.

Мен сыныптасыммен жалғыз қалғаным айдарымнан жел есті. Жастыққа жантайып, шөнііп жаттым. Кесе ұстағанда

саусағына саусағым тиіп кетіп еді, үлкен жерге оқуға түсіп келдім дегендей өзімді биік ұстап, сезімді сездірмедім, ол болса дір етіп, кесені түсіріп ала жазды. Осыны байқап қалдым. Кластағылардың қайсысы қандай, кім қорқақ, кім бағыр еді, кім кіммен хат жазысып, ұсталып қалғанын айтып, бөсіп отырғанда Ажаркүл апаның төбесі көрінді. Орныман ұшып тұрдым.

— Жақсы, апа, қолыңызды алайын деп келгенім ғой.

— Келіп тұр, — деді түсін суытып. Бұрынғыдай емес, даусы тым бөсең шықты.

Алты ай өтіп, қысқы қаниқулаға келгенімде шешемнің айтқан алғашқы сөзі — «Ажаркүл қайтыс болды, кеше қырық берді. Қызына көңіл айтып шық, клестасың емес пе», — деді. Апыл-тапыл жолға шықтым. Былтыр тас төселген көшелердің, тіпті көркі кете бастапты. Тас төселгенмен асфальт құйылмапты, таздың басындай ала-құла. Қоймалжың батпақ бетін жауып, бұзау тұмсық бөтінкемнің табанын армансыз жалап жатыр. Ауылдың көркі кетіп қалыпты. Кенсе алдындағы «Қайта құру — уақыт талабы» деген плакат-жазу қисайып, кара желмен желп-желп етіп желбіреп тұр. Кесілген кара ағаштардың орны да тып-типыл. Клубтың дәл алдында ұлы көсем Лениннің

ескертікші тұрушы еді, бір күнде құлатып, мойнына темір арқан байлап, «Беларуспен» сүйретіп, шошқа баздың түбіне апарып көміп тастапты. Ескерткіштің тұғырына кішкентайлар секіріп ойнап, салыто жасап, етбеттеп-шалқалай құлап маз-мәйрам. Жылдам басып кеп Ажаркүл апаның үйіне жақындады. Өткен жылғыдай емес, қыс ауасы сергек, адымым ширақ, қоймалжың батпақты шылл-шылл басып келемін. Әрі үкі таққан сыныптасымды көргім кеп, көңіл айтуды мойныма жүктеген бір міндет деп сезінем. Көріп, көңілін ауласам желілдеп қалатын секілдімін.

Көріші үйдің әйелі аулаға енген мені көріп, сол үйге қарай кетті. «Келе жатыр» деп ескерткен болу керек. Батпаққа шылғанан бөтенкемді ауыз үйге шешіп, кіре бергенімде қарсы алдымда тұрған Бағланкүл сыңсып қоя берді. Кәдімгі ұзатылар күзді өксіп-өксіп сынсыды. Басында үкілі тақиясы жоқ, төмілжіте тартқан кара орамал. Даусы ашы. Мектепте жалпы хорда тұрып ән салғанда да даусы елден ерекше санк-санк етіп жылдам шығатын, мен оны Роза Бағлановаға ұқсататынмын. Аяп кеттім. Мұң аралас өксік даусы көңілімді босатып жіберді. «Барым да, нарым да жалғыз шешем еді» деп сөз қосып айтып, иығыман ұстап жібермеді. «Тілі ашы болғанмен, ешкімге зияны жоқ еді» деп тағы да қосып қойды. Басу айтып, білген құлқуалламды оқыдым. Ол өз-өзіне кеп, аздап көңілі жайланғасын сыныптастарына деген ризалығын білдірді. Шөй қойып, әңгіме өрбітті. Ол өткен жолғыдай еркін көсіліп кетпесе де, арасында күлімсіреп қойып, сөйлеп отыр.

— Кластастар түгел келді. Қырықна да келді. Бәріне ризамын, — деді. Бір кезде: «Ең жаманы — жалғыздық екен. Шешем үш байға тисе де, бір еркек кіндік көре алмапты. Ағам не інім болғанда соларға арқа сүйеп, шалқайып отырар едім, — деді өксіп. Сәл үнсіз қалды да: «Тілі ашы болса да, айтқан сөзі айналайыннан бетер еді», — деп төмен қарап, самауыр сыртына ирелендеп тұрып қалған қайнаған судың қағын сұқ саусағыммен түрткілей берді.

— Оқуға қашан барасың?

— Енді ненің оқуы. Мына үйді құлыптап, қайда кетем. Сендер оқындар, бізге сол жетеді ғой, — деп басын көтеріп, бетіме қарады. — Қырық күн өтті, апамның жоқтығына да біртіндеп үйрене бастадым.

«Ажаркүлдің тілі ашы» деуші еді, тұншы нәрсені көрмедік қой.

Менің көкейімде былтырғы жауабы жоқ сауалым сол қүйі сақталып тұр. «Кейін естисің ғой» деген кекесінді үні де құлағымда. Әлі ешкімнен қайта құруға орай «Ажаркүл айттыпты» деген сөзді естігем жоқ.

— Осы, Бағланкүл, Ажаркүл апа кетерінде ештеңе айтқан жоқ па? — дедім қипақтап.

— Не туралы?

— Ауыл туралы, болашақ туралы, атқа мінгендер туралы...

— Естігем жоқ, — деп басын шайқады.

— Берік бол. Кеткенше әлі келемін. — Батпаққа былғанған бөтінкемді аяғымға сұға бастадым.

Ол табалдырықтан аттаған жоқ. Қазақ салтында жылын бергенше қаралы үйден ешкімді шығарып салмайды.


Артыма бір қаралым. Бағланкүлдің көздері кіртііп, кірпік қақпай қарап тұр екен. Ажаркүл ападан аумап қалыпты.

«Тілі ашы әйел өмірден тілін тістеп кетті ме екен?». Үйді айнала бергендегі ойым бұл. Көшенің кара батпағына табаным тиді, былш-былш басып келемін. «Ажаркүл апа қайта құруға қолды бір сілтеп кетті ме екен. Артында Бағланкүл қалды ғой. Кеткенше тағы бір соғамын. Бәлкім, бір нәрсе айтып қалар».



СУХБАТ

(Басы 1-бетте)



экстремалды спортпен шұғылдануды немесе бала-шаға, ата-ананыңбен көркем табиғатта серуленіп қайтуды жоспарлай аласыз. Еуропа мен Америкадағы Ұлттық саябақтарда ақпараттық орталық бар. Онда келген туристке қауіпсіздік қағидасы, сол аумақ туралы тиісті мағлұмат беріледі. Бізде бұл жұмыс енді қолға алынып жатыр.

Орындықтар мен жаяу жүргіншілер жүретін жерлерде бағыттап отыратын алаңқай жасау, кемпинг пен экологиялық насихат жүргізу орталығын құрудың маңызы зор. Мұндай жүйе бізде әзірге жоқ. Оны қолға алғысы келетіндердің жұмысын қолдаймын. Сол үшін де Гужавиннің жобасына көмектесуге тырысып жатырмын. Жылдар бойы көп мемлекетте сынан өткен жүйенің біздің тауда пайда болғанын қалаймын. Таудағы инфрақұрылым тек жергілікті туристер үшін емес, әрбір шетелдікке де түсінікті болуы аса маңызды. Әу бастан әлемдік стандартты негізге алу керек. Егер біздегі бағыттар дұрыс белгіленіп реттелсе, саяхатшыларға арналған әлемдік каталогтарға кіруі мүмкін. Бұл өз

Көбісі, неге екені белгісіз, мұндай бастамаларды теріс пиғылмен қабылдайды. Осыған дейін қаншама жыл ешкім тауға назар аударған жоқ. Ал қазіргі мүшкіл ахуалды өзгерте алатын қандай да бір тартымды жоба пайда бола қалса, кейбіреулердің наразылығын туғызады. Ал менің жеке пікірім мынадай: таудағы инфрақұрылымды дамыту қажет. Осыған дейін айтқанымыдай, алаңқаймен жабдықталған, жаяу жүргіншіге арналған арнайы жолы бар, заманауи кемпингі жеткілікті, экологиялық насихат жүргізетін орталықтар қажет. Бұл — таза әлеуметтік жоба. Қазір тау туризмі қарқынмен дамып жатыр. Бірақ әлгіндей жағдайдың болмауы адамдардың тауда мерт болуына әкеп соғуда. Адамдар қайда бара



аялап келеді. Олар қаншама адамды рухани тазару, дене қимылы мен қозғалысты арттырып, айналага зиян келтірмей, танып-білуді

Бізге жаңа жобалар қажет

МАКСУТ ЖҰМАЕВ:

— Өмір бәрібір өз ағысымен жылжи береді. Сіздің тау мен экспедицияларға, жаңа жетістіктеріңізге қатысты жоспарыңыз бар ма?

— Біз үнемі бабымызда болуға тиіспіз. Өйткені тауға баратындардың қатары көбейіп келеді. Кейде төтенше жағдай туындайды. Сондай сәтте көмекке жету үшін үнемі дайын болуың керек. Мәселен, жоғалған жандарды іздеу барысында. Бытыр әскери ойындардан келе салысымен, бірден Женіс шыңында қиын жағдайға тап болған жігіттерді құтқаруға кірістік. Біздің біліктілігімізге бәрі сенеді. Сондықтан оны әрдайым дәлелдеп отыруға тиіспіз.

Алыс экспедиция мен нақты жоспар жайында айтуға әлі ерте. Дегенмен, ойда бар. Одан бас тартқан емеспін. Әзірге осы күзде өзіміз шындығын тусейін деген мақсатпен Талғар шыңына барып қайтсам деймін. Әрдайым сақалдай-сай дайын болуың керек. Шетелдік бағыттар жабық. Оның үстіне Қазақстан төңірегінде ауқымды экспедиция жасақтауға қажетті қаржы қажет. Ал дайындыққа Талғар шыңы жарап тұр. Оның үстіне бұл — Іле Алатауындағы ең биік шың.

— Тау және туризмді дамыту туралы жергілікті жаңалықтардан хабардарсыз. Оны өз ақпараттарыңызда жариялап отырасыз. Осы тұрғыда көпшілік қызығушылық танытып отырған Іле Алатауы Ұлттық саябағындағы экотуризмді дамытуға бағытталған «Гужавин жобасына» көзқарасыңыз қалай?

— Таудағы туризмді дамытуға арналған кез келген бастамаға көзқарасым түзу. Меніңше, тауда инфрақұрылымның болуы біреудің өмірін құтқаруға көмектесе алады. Сонымен қатар, таудағы демалысқа қатысты тұрғындарымыздың бойында дұрыс көзқарас қалыптасады. Бұған Александр Гужавин мен VI Group жобасының да тікелей қатысуы бар. Одан бөлек, таудағы инфрақұрылымды дамытатын, таудағы бағыттардың өрісін кеңейтетін жобаларды да осы тізімге қосыңыз. Бір кездері өзім де осындай іспен айналысам деп армандайтынмын. 2012 жылы Австриядағы Альпі қауымдастығымен байланыс жөнінде меморандумға қол қойдым. Ол экологиялық демалыс жүйесіндегі трансферді «Альпин-клуб» таулары арқылы өткізуді көздеген. Бұл әлеуметтік идеяны жүзеге асыруға мемлекеттік қызметте жұмыс істегендіктен, бізге бір жерінде білім, бір жерінде қаржы, бір жерінде уақыт та жетпей қалды. Бірақ бұл идеяны таудағы экотуризмге бей-жай қарамайтын басқалар іліп әкетті.

Еуропадағы «Альпин клуб» жүйесінің маңызы неде? Ең бастысы, таудың бағыттары реттеліп, сипатталады, картаға түсіріледі. Навигациясы бар. Осы жүйе жетілгендіктен Альпі тауының биік шыңында да адасып кетпейсіз. Қолыңызда карта мен бағыттың сипаттамасы болса, сіз

кезегінде

Қазақстанға табиғатқа жауапты қарайтын жана туристерді тартуға жағдай туғызады.

Ұлттық саябақтарымыздағы қай визит-орталық болмасын, солардың бәрінде біздің таудан ләззат алуға келетін адамдарды көріп, өз білгенімізді оларға жеткізе алатындай сәтті елестеткім келеді.

Бұл жерде білімнен бұрын, әлемге деген көзқарасымды, тау туралы түсінігімді жеткізуді қалаймын.

Мен үшін визит-орталық — өзімнің



әлеуметтік жауапкершілігімді терең сезініп, мен секілді тауға құштар жандармен бір алаңқайда жұмыс істеу.

— Осы тақырып төңірегінде неге үнемі қызу пікірталас, кейде дау-дамай туындап жатады? Оған тіпті өздері ешқашан тауда болмаған адамдар араласатыны неліктен?


— Меніңше, бұл жерде әңгіме консерваторлар туралы. Көбі біздің тауларды меншіктеп, тек «өз адамдары» келгенін қалайтындай. Олар мұнда басқаларды көргісі келмейді. Тауға келіп, қоясы тастап кететіндер де жетерлік. Бұл «тек өзіңкі, ешкімді емес» дейтін біздің, өкінішке қарай, социалистік жауапсыздықтан алған «мұрамыз». Егер бұл ешкімді болмаса, оны сындыруға да, бүлдіруге де болады. Таудағы жаңа жобалардың басты мақсаты — адамды табиғатқа қамқор болуға үйретуі тиіс. Менің еуропалық әріптестерім ол жақта тіптен Ұлттық саябақтың жері сатылатынын айтты. Бірақ ол жерге ешнәрсе істей алмайды. Қоршауға, құрылыс жүргізуге рұқсат жоқ. Бұл бір жағынан қайырымдылық. Бір адам сатып ала, оның қаржысы сол аумақты қорғауға қосқан үлесі боп есептеледі. Тереңірек ойлансақ, мұның түпкі мақсаты — «Жер менікі, оны мен қорғауым керек» деген түсінік қалыптастыру.



жатқанын білмейді. Ал тау қателікті ешқашан кешірмейді. Мұндайда кәсіби мамандардың өздері қауқарсыз.

— Табиғатты қорғау деген ұранмен саябақты жабу, келушілерді кіргізбеу ақылға сыйымсыз боп көрінеді. Әлемдік тәжірибе, керісінше, қорғауға алынған саябақта адамдар демалатындай және табиғат жана шекпейтіндей модель енгізу қажеттігін көрсетті. Сіз айттып отырған мәселе осы төңіректе ме?

— Меніңше, жаңа жобалардың жақсы жағын мүлде жоққа шығаруға болмайды. Керісінше, оның пайдасы туралы көбірек айту керек. Оның үстіне, әрдайым шетелдік тәжірибеге қараймыз. Егер бізде Еуропа, Америка, Канаданың ұлттық саябақтарындағыдай қорғауға алынған, тыныш жерге баратын, жанұялар мен түрлі өсімдікті тамашалайтын, арнайы жолмен жүретін, өз келуімен табиғатқа ешқандай зиян тигізбейтін, романтикалық көңіл-күймен ұйқыға бас қоятын, арнайы жерлерде демалатын, табиғатты тамашалайтын бақылау алаңқайы бар инфрақұрылым 10 жылдан кейін пайда болса, онда мұндай жобаларды қолдайтын анағұрлым көбейер еді. Бізге «Альпин-клубтардағы» достарымыздың, әріптестеріміздің тамаша тәжірибесін жиі айтып, көрсетіп, насихаттап отыру керек. Олар, мәселен, 150 жылдан астам уақыт бойы тауды қорғап,



үйретті. — Сіздің ойыңызша, біздің

таулардың көркемдігін тек қана альпинистер тамашаламай, әртүрлі жастағы адамдарға да қолжетімді болуы үшін елімізде не істеу керек?

— Менің бүкіл арман-тілегім мен ой-түсінігімді тау инфрақұрылымы қашаннан бері баурап алған. Арнайы сілтеме, жүретін жолдардың болғанын қалаймын. Келген адам осында демалып, үйіне оралған соң жағымды әсердің жетегінде көтеріңкі көңіл-күймен жүрсе екен деймін. Жақын келешекте солай болатынына күмәнім жоқ. Біздер, альпинистер, түрлі шыңдарды бағындыру арқылы басқалардың біздің ізімізді басыуына себепші боламыз. Егер тау жағымды әсер тудырмаса, онда ешкім бармайтын да еді. Табиғат бәрінің бастауында тұруы тиіс. Адам онда өзін қонақ ретінде сезінуі керек. Біз өзімізді табиғаттың қожайыны деп айтамыз. Бірақ олай емес! Керісінше, біз қонақпыз. Тауға көтерілген кезде сыпайы, әдепті болған жөн. Альпинистер оны жақсы біледі. Егер көкірегіңді керіп, «Мен сені бағындырамын» деп кеудемсоқ қожайыны сияқты сөйлесен, онда тау саған құшағын ашпайды. Осындай астамшыл оймен барған қанша адамның денесі тауда қалды...

Экотуризмді, тау туризмін сауатты дамыту үшін бізге тілсез, пікірталмасу жетпей жатыр. Өйткені жұрт табиғатты фильм, телебағдарлама, интернет арқылы түсіне алмайды. Байланыс керек. Бір жұтым таза ауа қажет. Ештеңе қимей, жүріп өте алатын жалаң аяқ қажет. Бұлақтың сынғырлап аққан мөлдір суын рахаттана жұтып, бетінді жуа алатын қол керек. Біз табиғатпен етене араласуды, аялауды үйренуіміз керек. Ал ешнәрсе істегісі келмей, кезгесі кері тартатындар дамуды, келесі жаңа кезеңге аяқ басуды қаламайды. Бәлкім, оны қалай дұрыс істеу керектігін білмегендіктен, оған дайын емес те шығар. Меніңше, адамзатты дамытудың жаңа кезеңіне өту — табиғатпен үндестікте өмір сүре білуді!

Сұхбаттасқан Талап ТІЛЕГЕН

«Дәуір» республикалық полиграфиялық баспагерлік кешенінің әкімшілік және қызметкерлер ұжымы, әріптесіміз

Есет Ысқақұлы ҚОЖАМҰРАТОВТЫҢ

мегізсіз қайтыс болуына байланысты отбасына, ағайын-туысына қайғырып көңіл айтамыз. Мәскеу полиграфиялық институтының түлегі Есет Ысқақұлы саналы ғұмырының 50 жылын Отанына адал қызмет етумен өткізді. Банкнотты фабриканың алғашқы жетекшілерінің бірі болды, ұзақ жылдар министрлікте қызмет етті, бас инженер болды.

Өмірден адал жар, білікті маман, екі баланың әкесі қайтты. Алла артында қалған ұрпағына ұзақ ғұмыр берсін дегіміз келеді. Жатқан жерін жайлы болсын. Сіз біздің жүрегімізде мәңгі қаласыз, Есет Ысқақұлы!

**Бас редактор — директор
Срайыл СМАЙЫЛ**

Редакция алқасы:

Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы

Ғалия ҚАЛИЕВА

компьютер орталығының жетекшісі

Тілшілер мен қызметкерлер:

Мақпал НОҒАЙБАЕВА — арнаулы тілші

Әбдіманап КЕНЕС — жастар және ғылым

Кәмшат ТӨЛЕШОВА — теріміні

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ — web-caim

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Байкен КӨБЕЕВ — Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34)

Кажет АНДАС — Алматы облысы (8 747 706 13 82)

Баян ЖАНУЗАКОВА — Атырау облысы (8 702 426 69 05)

Мәрия АЙТБАЙ — Шымкент қаласы

Ернұр КЕНЖЕБАЙ — шолушы

Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30)

Кезекші редактор
Мақпал НОҒАЙБАЕВА

Шығарушы:

«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың орынбасары
Мейрамбек ҚҰЛМУХАМЕДОВ

Бас есепші
Расима ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:

050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй, №61 кенсе, 3-қабат
(Богенбай батыр көшесінің қиылысы)
Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)

Газет «Дәуір» ЖШС РПИК
(Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)
тел: (727) 273-12-04, 273-12-54
Тапсырыс — №2217;
Бағасы келісім бойынша

Апталық таралым — 5000 дана

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, сондай-ақ «Air-Astana» әуежолының ұшақтарында бар.

Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген.

2020 жылдың 19 ақпанында ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, № KZ23VPY00020470 куәлігін алды.

Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.